

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Басқару институты

қолжазба құқығында

Шайжанов Мұхтар Мерекеұлы

**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ
САЛАСЫНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАРТЫМДЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ**

Магистратураның «Өңірлік даму» білім беру бағдарламасы
(«7M041 – Бизнес және басқару» даярлау бағыты).

Өңірлік даму магистрі дәрежесін алу үшін
магистрлік жоба

Ғылыми жетекші: _____ э.ғ.д. Қ.Т.Арыстанбеков

Жоба қорғауға жіберілді: « _____ » _____ 20__ ж.

Басқару Институты директоры: _____ э.ғ.к. Р.А. Турчекенова

Нұр-Сұлтан, 2021

МАГИСТРЛІК ЖОБАНЫҢ МАЗМҰНЫ

Нормативтік сілтемелер	3
Белгілер мен қысқартулар	4
Кіріспе	5
Әдебиеттерге шолу	8
Зерттеу әдістері	15
Зерттеу нәтижелері және талдау	17
Қорытынды	34
Пайдаланылған дереккөздер тізімі	41

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы магистрлік жобада келесі нормативтік-құқықтық актілерге сілтемелер пайдаланылды:

«Қазақстан 2050» стратегиясы.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі.

Қазақстан Республикасының Жер Кодексі.

«Жайылымдар туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы №47-VI Заңы

«Жеке қосалқы шаруашылықтарда елді мекендердің шекаралары шегінде мал ұстау және ауыл шаруашылығы пайдаланымындағы елді мекенді жерлерде малдарды бағу жүктемесінің ветеринарлық нормативтерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2008 жылғы 24 қаңтардағы №28 бұйрығы.

«Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілген нормасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі №3-3/332 бұйрығы.

Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2022-2026 жылдарға арналған ұлттық жобасы концепциясы.

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АӨК	- Агроөнеркәсіптік кешен
АШ	- Ауыл Шаруашылығы
БҚО	- Батыс Қазақстан облысы
КС	- Кредиттік серіктестік
МҚҰ	- Микро қаржыландыру ұйымдары
ҚҚС	- Қосымша құн салығы
ЖШС	- Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
АҚШ	- Америка құрама штаттары
ЕО	- Еуропалық одақ
ҚХР	- Қытай Халық Республикасы
ІҚМ	- Ірі қара мал
ШҚ	- Шаруа Қожалығы

КІРІСПЕ

Батыс Қазақстан облысы Ресейдің бес облысымен шектеседі: Астрахань, Волгоград, Саратов, Самара, Орынбор және Қазақстанның Екі облысы: Ақтөбе және Атырау облыстарымен темір жол, автомобиль, су және әуе желілерімен байланысады.

Облыс жануарлар мен өсімдіктер әлемінің бай түрлілігімен сипатталады, олардың арасында екі жүзге жуық бірегей табиғи объектілер бар, соның ішінде Жайық өзенінің алқабы, Шалқар көлі, Аққұм құмды алқабы, Қараағаш шатқалы, Ақтау шатқалы, Үлкен Ичка тауы, Бөкей ордасы ауданының орман ландшафттары және басқалары. Облыстың басты артықшылығы оның пайдалы қазбаларға байлығы болып табылады, олардың ішінде мұнай мен газ басым болып табылады, солардың бірегейі әлемдегі ең бай кен орындарының бірі - Қарашығанақ кен орны. Облыс 12 аудан мен қалаға бөлінеді. 2019 жылдың қорытындысы бойынша Батыс Қазақстан облысы халқының саны 656 800 адамды құрады.

Батыс Қазақстан облысы халқы Нарықтық қатынастар жағдайында Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешені жұмыссыздық проблемаларын шешуде және отандық ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді дамытуда маңызды орын алады. Бүгінгі таңда аграрлық сектордың алдында өндірілетін өнімдердің сапасын және өндірістің экономикалық тиімділігін арттырудың маңызды міндеті тұр, өйткені халықты сапалы азық-түлікпен қамтамасыз ету проблемасы кез келген мемлекет экономикасының алдыңғы қатарына шығады. Батыс Қазақстан облысының Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының экономикалық тиімділігі қазіргі кезеңде басқа облыстардың тиісті көрсеткіштерімен салыстырғанда, сондай-ақ ел экономикасының басқа салаларымен салыстырғанда айтарлықтай төмен. Агроөнеркәсіптік өндірістің маңызды проблемаларының бірі оны инвестициялаудың жеткіліксіздігі болып табылады. Жалпы АӨК салаларының төмен рентабельділігі және өз қаражатының үнемі жетіспеуі оның салаларын күрделі салымдар үшін келешегі жоқ етеді. Осыған байланысты ауыл шаруашылығы құралымдарының инвестициялық тартымдылығын арттыру тетігін дамытуға ерекше назар аудару қажет. Себебі Ауыл шаруашылығы секторындағы инвестициялық қызметті дамыту халықтың жалпы әл-ауқаты мен қамтамасыз етілуін арттыру жөніндегі іс-қимылдарды ынталандырады. Агроөнеркәсіптік кешен экономиканың маңызды құрылымдық компоненттерінің бірі болып саналады. Батыс Қазақстан облысында бұл сектор құрылым құрушы болып табылады. Экономикадағы істердің жай-күйін инвестициялық салада болып жатқан процестердің сипатына қарай сенімді түрде бағалауға болады. Ол ел ішіндегі жалпы жағдайды, ұлттық табыс мөлшерін, басқа мемлекеттер үшін тартымдылықты көрсететін индикатор болып табылады. «Инвестициялар» терминінің бірнеше мағынасы бар. Бұл белгілі бір қаржылық нәтижелерге сүйене отырып, акцияларды немесе облигацияларды сатып алуды білдіреді; олар сонымен қатар нақты активтерді, мысалы, белгілі бір өнімді өндіру және

сату үшін қажет машиналарды білдіреді. Кең мағынада, инвестициялар ел экономикасын қаржыландыруға, өсіруге және дамытуға қажетті механизмді қамтамасыз етеді.

Инвестиция дегеніміз-ақшаны олардың құнын сақтау немесе көбейту және кірістің оң мөлшерін қамтамасыз ету арқылы орналастыруға болатын кез-келген құрал. Бос ақша-бұл инвестиция емес, өйткені қолма-қол ақшаның құнын инфляция жейді және олар ешқандай кіріс бере алмайды. Егер ақша қаражатының бірдей сомасы банктегі жинақ шотына салынса, онда оларды инвестиция деп атауға болады, өйткені шот белгілі бір табысқа кепілдік береді. Ауыл шаруашылығына инвестициялар тақырыбы өте кең болғандықтан, мен бұл мәселенің тек кейбір аспектілерін қарастырамын. Кәсіпорындар дағдарыстан өз бетінше шыға алмайды, ал мемлекеттің осы кәсіпорындарды субсидиялауға және инвестициялауға қаражаты жоқ. Осылайша, егер мемлекет тұрақты және күшті экономикаға мүдделі болса, онда ол заңнамалық және атқарушы деңгейлерде қолайлы инвестициялық ахуал туғызуға тиіс. Өйткені, ауыл шаруашылығы кез-келген экономиканың негізгі саласы болып табылады, ол бастапқыда инвестициялар үшін тиімсіз және тартымсыз, бірақ бүкіл экономиканың дамуы ауыл шаруашылығының дамуына байланысты. Сондықтан ауыл шаруашылығына инвестициялау мәселесі біздің еліміздің экономикасын дамытуда басты мәселе болып табылады.

Жоба тақырыбының өзектілігі күмән туғызбайды. Мемлекетіміздің басты құжаты «Қазақстан - 2050» Стратегиясымен негіздеуге болады. 2012 жылы желтоқсанда Мемлекет басшысының ел халқына Жолдауында таныстырылған стратегиясының басты мақсаты – мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру, Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында кіру болып табылады. Стратегияда қарастырылған алғашқы ұзақ мерзімді басымдық - Жаңа бағыттың экономикалық саясаты – пайда алу, инвестициялар мен бәсекеге қабілеттіліктен қайтарым алу принципіне негізделген түгел қамтитын экономикалық прагматизм болып табылады. Аталған басымдықта 2050 жылға дейін негізгі міндеттер белгіленген. Төртінші міндетте **«Қазақстан инвестиция үшін өңірлік тартылыс күші болуы тиіс. Біздің еліміз инвестиция үшін және технологиялар трансферті үшін Еуразиядағы ең тартымды болуға тиіс. Мұның принципті маңызы бар. Біз инвесторларға қолда бар артықшылықтарымызды көрсетуге тиіспіз.»**. Аталған міндет жоба тақырыбын айқын ашады. Сонда ақ, алтыншы міндет - ауыл шаруашылығын, әсіресе, ауыл шаруашылығы өніміне өсіп отырған жаһандық сұраныс жағдайында ауқымды жаңғырту қажеттігі турасында қойылған. Осы бағытта 2020 жылға дейінгі агроөнеркәсіп кешенінің дамуының бағдарламасы әзірленіп жүзеге асты. Алайда, аталған бағдарламаның өз міндеттерін ішінара орындады. Ауыл шаруашылық саласында әлі де өзекті мәселелер жеткілікті екендігін Елбасының кейінгі жылдардағы жолдауындағы ескертпелерінен айқын көруге болады [1].

Елбасының 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» жолдауының Үшінші міндеті «Ақылды технологиялар – агроөнеркәсіптік кешеннің қарқынды дамыту мүмкіндігі» деп аталады [2]. Сондай-ақ, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» жолдауында да бұл мәселе көрініс табады. Жолдаудың алғашқы бөлімінің бесінші міндеті агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін толық іске асыруға арналған [3].

Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К.Тоқаевтің 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі атты жолдауы жарияланды. Бұл құжаттың үшінші бөлімі «Қарқынды дамыған және инклюзивті экономика» деп аталып, бесінші міндеті агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға арналған. Президентіміздің бұл міндетті сипаттауда «Ауыл шаруашылығы – біздің негізгі ресурсымыз, бірақ оның әлеуеті толық пайдаланылмай отыр» деп бастауы тақырыптың өзектілігін айқындайды. Санымен қатар «Ауыл шаруашылығына шетелден инвесторлар тарту – маңызды міндет» деп инвестициялардың маңыздылығын нақтылай түсті. «Бірақ жерді тиімді пайдалануды қамтамасыз ету – біздің міндетіміз. Жер ресурстарын тиімсіз пайдалану мәселесі өте өзекті болып отыр.», - деп мемлекет басшысы тағы бір мәселелердің көзін ашты [4]. Магистрлік жоба барысында аталған мәселелердің өңірлік деңгейде шешу жолдарын қарастыратын боламыз.

Жобаның мақсаты - БҚО ауыл шаруашылық саласының инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін ұсыныстар енгізу.

Жобаның міндеті

- Өңірдің ауыл шаруашылық саласының негізгі көрсеткіштері бойынша статистикалық мәліметтерді талдап даму мүмкіндіктерін анықтау
- Өңірдің агроөнеркәсіптік кешенінің инвестициялық климатын талдау және жетілдіру
- Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы саласының даму кедергілерін анықтап, жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу.

Зерттеу нысаны – Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылық саласы.

Зерттеу пәні – Өңірдің агроөнеркәсіптік кешенінің инвестициялық тартымдылығы.

ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ

Жобамен жұмыс барысында тақырыпты кеңінен ашу мақсатында төмендегі жұмыстарға шолу жасалды.

Таңдалған тақырыппен үндес бірқатар ғылыми жұмыстар зерделенді. Оның ішінде Мусағалиева Г.М мен Байғалиева А.С-ның «Батыс Қазақстан облысының агроөнеркәсіптік кешенін инвестициялауды дамыту перспективалары» мақаласы қарастырылды. Бұл мақалада Батыс Қазақстан облысының агроөнеркәсіптік кешенінің соңғы кезеңдегі инвестициялық қызметі қарастырылады. Халықтың жалпы әл-ауқатының өсуі үшін тиімді Инвестициялық саясат қабылдау қажеттілігі түсіндіріледі. Осының негізінде аграрлық сектордың инвестициялық тартымдылығының жалпы деңгейін арттыру үшін өңірлік саясаттың негізгі бағыттары ұсынылды. Мақалада 2010-2015 жылдар аралығындағы ауыл шаруашылығына салынған инвестиция көлемінің динамикасына баға берілген. Айтарлықтай оң динамика байқалғанымен тұтастай алғанда, Батыс Қазақстан облысының АӨК-дегі инвестициялық саясат саласына инвестициялардың оңтайлы құрылымын қалыптастыруды және қолайлы инвестициялық ахуал факторларын құруды қажет етеді деген тұжырым береді. Сондай-ақ ауыл шаруашылығын инвестициялаудың төмендегі көздері қарастырылады [5].



1 - сур. Ауыл шаруашылығын инвестициялаудың көздері

Өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттыру, оның экономикалық өсуінің тұрақты қарқынына қол жеткізу үшін келесідей шаралар кешенін ұсынады:

- табиғи монополиялар бағаларын бақылау;
- көлеңкелі экономикаға қарсы күрес;
- өңірлік бюджеттің «ашықтығын» қамтамасыз ету, бюджеттен тыс көздерді шоғырландыру;
- көптеген алымдарды жою, салық салудың оңайлатылған жүйесін енгізу;
- инвестициялық жобаларды келісу рәсімдерін оңайлату.

Демек, Агроөнеркәсіптік кешендегі институционалдық шаралар жиынтығы ең алдымен өңірдегі инвестициялық әлеуетті кеңейтуге мүмкіндік береді, бұл тұтастай алғанда отандық ауыл шаруашылығы өнімін

өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін одан әрі арттыруға ықпал етеді деп пайымдайды авторлар.

Сонымен қатар Примбетова С.Ч., Кахар А.Ж. «Батыс Қазақстан облысының тұрақты дамуының инвестициялық әлеуеті» атты ғылыми мақаласына шолу жасалды. Бұл мақалада Қазақстан Республикасының Батыс Қазақстан облысының экономикасын дамыту және инвестициялық әлеуеті қарастырылған.

Авторлардың пайымдауынша Орал өңірінің үлкен артықшылығы - өңір мұнай-газ өнеркәсібі, машина жасау, тамақ өнеркәсібі, құрылыс индустриясы, астық шаруашылығы және мал шаруашылығына маманданған Батыс макроөңіріне жатады. Облыс газ және мұнай кен орындарына, Борат кендеріне, жанғыш тақтатастарға, калий-магний тұздарына, әк жыныстарына, цемент шикізатына, борға, керамзит Сазына, Құрылыс және аллювиалды құмға бай. Осылайша, өңірде өнеркәсіптің түрлі салаларын дамытуға мүмкіндік беретін елеулі ресурстық әлеует бар.

Жобада ауыл шаруашылық саласының да әлеуетіне зор назар аударылған. Оларға мысал ретінде соңғы жылдары жүзеге асырылған құны 700 млн.теңге "Кублей" ЖШС тері өңдеу цехы, "Орал жылыжай комбинаты" ЖШС жылыжай кешені, жобаның құны 7 млрд. теңге және облыстың Казталов, Теректі және Тасқала аудандарында жалпы сомасы 5 млрд. теңгеге үш бордақылау алаңдары келтірілген.

Авторлар инвестициялық тартымдылықты арттыру, экономиканың түрлі секторлары және инвестициялар тарту жобасының бастамашыларын қолдаудың еліміздегі келесі шараларын келтірген. Инвестициялық жобаларға арналған бірінші пакетте 5 жылға дейін кеден баждарын салудан босату, мемлекеттік заттай грант (жоба құнының 30% - ына дейін), шикізат және (немесе) материалдар импортын 5 жылға ҚҚС-тан босату. Мұның барлығы ауыл шаруашылығы, өңдеу өнеркәсібі, электрмен жабдықтау қызметтері, сумен жабдықтау, құрылыс, көлік, қоймалау, туристік қызмет, байланыс, білім беру, денсаулық сақтау сияқты 283 басым қызмет түріне сәйкес болуы тиіс.

Жалпы, мақаланы қорытындылай келе авторлар Батыс Қазақстан облысының инвестициялық әлеуеті және болашағы зор деп баға берді. Сондай-ақ, АӨК, туризм және машиналардың транзиттік ағынын пайдалану және т.б. бойынша жаңа инвестициялық жобалар пулын дайындау процесінде әлеуетті инвесторлардың сұрақтарына жедел және сапалы жауап беретін инвесторларға қызмет көрсету жүйесін құру аяқталып жатқанын алға тартты.

Келесі болып М.Джубатырованың «Агроөнеркәсіптік кешеннің инвестициялық тартымдылығы» атты мақаласына шолу жасалды. Мақалада ауыл шаруашылығының инвестициялық тартымдылығын өңірлік аспектіде қарастырылған.

Автор Қазақстанда ұйымдық - экономикалық қатынастарды реформалаудың қазіргі кезеңінде АӨК-нің тұрақты жұмыс істеуінің басым шарттарының бірі инвестициялық процесті қоса алғанда, өңірлер

экономикасын дамытудың барлық факторларын барынша толық пайдалану болып табылады деп санайды.

Мақалада аймақтық басқару органдарының инвестициялық процеске әсері тікелей және жанама қатысын қарастырған. Біріншісі өндірісті бюджет қаражаты есебінен қаржыландыруды (қайтарымды және қайтарымсыз негізде), тартылған қаражатқа кепілдіктер беруді көздейді.

Екіншісі - инвесторларға жеңілдіктер, кепілдіктер жүйесін, салық жүйесін жетілдіруді, амортизацияны есептеу механизмін құруды және т. б. қамтитын нормативтік-заңнамалық базаны жетілдіру мен дамытуда көрінеді.

Автор агроөнеркәсіптік өндірістің маңызды проблемаларының бірі оны инвестициялаудың жеткіліксіздігі болып табылады деп санайды. Жалпы АӨК салаларының төмен рентабельділігі, кредиттелуі және өз қаражатының тұрақты жетіспеушілігі, сондай-ақ өтімді кепіл мүлкінің болмауы оның салаларын күрделі салымдар үшін келешегі жоқ етеді.

Сондықтан соңғы жылдардағы агроэкономикалық зерттеулер орталығында Агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялау және өндірісті тұрақты көтеру мәселелері тұр.

Қорытындылай келе келесідей ұсыныстар берілген: Өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттыру, оның экономикалық өсуінің тұрақты қарқынына қол жеткізу үшін мынадай шаралар кешенін іске асыра отырып, өңірлік саясаттың түйінді бағыттарын айқындаған жөн: шекті шама мен ықтимал салықтар тізбесі есебінен өңірлік салық салу деңгейін төмендету, салық салуды оңайлату; табиғи монополиялар бағаларын бақылау; көлеңкелі экономикаға қарсы күрес; бағаларды әкімшілік бақылауды шектеу; салықтардың жиналуы және аударылуы жөніндегі міндеттемелердің толық және уақтылы орындалуы; тұрғын үй-коммуналдық шаруашылыққа және қоғамдық көлікке берілетін дотацияларды қысқарту және толық жою; өңірлік қарыз алудың сенімді кепілдіктерін қамтамасыз ету және олардың өңірлік бюджетте барабар көрсетілуі; өңірлік бюджеттің "ашықтығын" қамтамасыз ету, бюджеттен тыс көздерді шоғырландыру; бюджетті қазынашылық атқару, өңірлік биліктің коммерциялық қызметін шектеу; бюджет қаражатын пайдалану кезінде өңірлік бағдарламаларды, тапсырыстарды, сатып алуды қаржыландыруды конкурстық іріктеу; әлеуметтік төлемдердің тиімділігін арттыру, көмектің атаулылығы, есеп айырысуларды ақшалай нысанға ауыстыру бойынша бақылауды күшейту; коммерциялық қызметті тіркеу және жүзеге асыру рәсімдерінің хабарламалық сипаты, кәсіпкерлер үшін регламенттелуді алып тастау, көптеген алымдарды жою, салық салудың оңайлатылған жүйесін енгізу; инвестициялық жобаларды келісу рәсімдерін оңайлату.

Халықаралық тәжірибеге шолу

ЕО, Қытай, АҚШ елдеріндегі аграрлық секторды мемлекеттік реттеу шаралары талданды. Қарастырылып отырған елдерде мемлекет өндірістік және нарықтық инфрақұрылымды дамытуға ерекше көңіл бөледі және ауыл шаруашылығы өндірушілеріне кең ауқымды қолдауды қамтамасыз етеді, ал ойластырылған аграрлық саясат шет елдерге ішкі және сыртқы нарықта бәсекеге түсуге мүмкіндік береді және аграрлық сектордың жоғары тиімділігін қамтамасыз етеді.

Американдық және еуропалық аграрлық секторды мемлекеттік қолдау жүйелерінің ұқсастықтары бар деп қорытынды жасауға болады. ЕО елдерінің аграрлық секторында импорттан қорғауға, ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттауға қолдау көрсетуге, баға деңгейін ұстап тұруға басымдық беріледі, ал АҚШ-та тікелей төлемдерге баса назар аударылады. Қытай аграрлық секторын реттеу жүйесі әлі де қалыптасып келеді және ЕО елдерімен және АҚШ-пен бәсекелеседі. Қытайда да, Еуропалық Одақ елдерінде де, АҚШ-та да нарықтық және өндірістік инфрақұрылымды дамытуға көп көңіл бөлінеді, бұл ауылшаруашылық тауар өндірушілеріне кең ауқымды қолдау көрсетеді. Қаралған шаралар елдерге ішкі және сыртқы нарықта бәсекеге түсуге мүмкіндік беретін және аграрлық сектордың жоғары тиімділігін қамтамасыз ететін ойластырылған аграрлық саясатты айғақтайды. Сонымен қатар, дамыған шет елдерде тікелей қолдаудан басқа, мемлекет материалдық-техникалық ресурстарды молайтуға, агроөндірістік инновацияларды әзірлеуге және енгізуге, шаруашылықтардың өміршеңдігін арттыруға, аграрлық секторға инвестицияларды ынталандыруға бағытталған жанама қаржылық қолдау көрсетеді. Әлбетте, бұл саладағы инвестициялық процесті жетілдіру қажет. Осыған байланысты дамыған елдердің аграрлық саланы мемлекеттік қолдау және реттеу мәселелеріндегі тәжірибесін талдау орынды болып көрінеді. Аграрлық саланы дамыту үшін, сондай-ақ ел халқының әлеуметтік қолайлы бағалар бойынша сапалы және қауіпсіз тамақ өнімдеріне қажеттілігін қанағаттандыру үшін нормативтік-құқықтық және әлеуметтік-экономикалық жағдайларды нақ осы мемлекеттік реттеу белгілейді.

Әдетте Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың үш бағыты бар.

1. «Кәріптас (сары) себет» - бұл тікелей субсидиялар немесе субсидиялар түрінде қолдау. Бұл шаралар тобының проблемасы тиімділігі төмен кәсіпорындар мемлекеттен субсидия түрінде тікелей қолдау ала отырып, көбінесе оны дұрыс басқара алмайды, сонымен бірге тиімді кәсіпорындарға мемлекеттік қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

2. «Көгілдір себет» саланың бәсекеге қабілеттілігін ынталандыруға және тиімділігі төмен өндірістер санын қысқартуға бағытталған. Бұдан басқа, кейінге қалдыру немесе төлемдердің икемді кестесін белгілеу, салықтық жеңілдіктер, берешекті қайта құрылымдау түрінде алынған кредиттер бойынша төлемдерді оңтайландыру көзделеді.

3. «Жасыл қоржын» жанама қаржылық қолдауды, мысалы, инженерлік немесе нарықтық инфрақұрылымды дамытуды, ауыл шаруашылығында ҒЗТКЖ жүргізуді білдіреді. «Жасыл себет» шаралары аграрлық саланы тұрақты дамытуға бағытталған, ал қаражат табиғи ортаны қорғауға, мемлекеттік азық-түлік резервтерін қалыптастыруға, сақтандыруға және т. б. бағытталуы мүмкін. Сонымен қатар, аймақтық көмек бағдарламалары «жасыл себет» қаражатынан қаржыландырылуы мүмкін, мысалы, климаты қолайсыз, экологиялық және экономикалық жағдайлары нашар аудандарды қолдау, табиғи апаттарға көмек, ішкі азық-түлік көмегі [7].

Аграрлық саланың тиімділігі елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және нарықтық конъюнктураға әсер етеді. Ғылыми жарияланымдарды талдау ауыл шаруашылығы өндірісі дамыған елдерде экономиканың инвестициялық тартымдылығын ынталандырудағы мемлекеттің рөлі қолайлы әлеуметтік-экономикалық ортаны және аграрлық секторда дамыған нарықтық инфрақұрылымды құруға бағытталған деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді [7]. Инвестициялық тартымдылықты ынталандыру ағымдағы және перспективалы кәсіпкерлік белсенділіктің өсуі мен дамуы үшін мүмкіндіктерді кеңейтетін тікелей инвестициялар ағынын арттырады.

«Жасыл себет» шаралары шеңберінде аграрлық секторға мемлекет қолдау көрсететін, әлеуметтік бағдарланған экономикасы бар еуропалық елдердің көпшілігінің тәжірибесіне жіті назар аудару қажет. Мемлекеттік қолдаудың екі компонентін бөліп көрсетуге болады: біріншіден, азық-түлік нарығын қорғау, ауылдық аумақтарды, ауыл шаруашылығы өндірісін, халықтың үй шаруашылықтарын дамыту. ЕО елдерінде мемлекеттік қолдау аграрлық салада жұмыс істейтіндердің санын қысқартудан ықтимал әлеуметтік проблемалардың алдын алуға, ауыл шаруашылығы аумақтарындағы халықтың табыс деңгейін басқа салалармен теңестіруге бағытталған [8].

Фермерлердің өздері өндірген өнімге бағасын бюджеттік қолдау деңгейі-дамыған елдердегі аграрлық секторды мемлекеттік реттеудің негізгі индикаторларының бірі. Арнайы баға механизмі жұмыс істейді: Мемлекеттік сатып алу ұйымдары фермерлерден ауылшаруашылық өнімдерін белгіленген ең төменгі бағамен сатып алады (бұл белгілі бір минимумнан төмен нарықтық бағалар төмендемейді).

Мемлекет белгілеген квоталардан тыс өндірілген өнімнің бағасы елдің нақты ауданындағы нарықтық жағдайға байланысты өзгеріп отырады.

Дамыған елдерде ауыл шаруашылығы өніміне баға белгілеудің тағы бір ерекшелігі-фермерлерге сатылмаған өнімді өз шаруашылығында не коммерциялық мемлекеттік қоймада сақтауға арналған шығындарды өтеуге арналған (бұл жағдайда өнімді сақтау кезіндегі шығындардан болған шығындар да ішінара өтеледі) шаруашылық жылының айлары бойынша олардың орташа жылдық деңгейінің 10% - на дейінгі шекте «кепілдендірілген» бағаларды саралау". ЕО елдерінің аграрлық секторындағы баға белгілеудің жалпы ерекшелігі-саланы одан әрі дамыту мақсатында кірістерді реттеу. Баға белгілеу жүйесінде агроөндіріс құралдарына,

шығындар мен табыстарға, аграрлық саланың өнімдері мен қызметтеріне бағалар мониторингі көзделеді [9].

АҚШ-тағы аграрлық саясат фермерлердің кірістерін ауылшаруашылық емес салаларда жұмыс істейтін кірістермен бірдей деңгейде ұстауға бағытталған. Бұған ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасын тұрақтандыру және ауыл шаруашылығы тауарларының сатылмаған қорын азайту есебінен қол жеткізіледі. Американдық азық-түлік нарығы қаныққан және негізінен өзін-өзі қамтамасыз етеді, сондықтан мемлекеттің аграрлық саясаты өндіріс көлемін ұлғайтуға емес, оның тұрақтылығын сақтауға және жоғары тиімділікті қамтамасыз етуге, өнім сапасын арттыруға, саладағы нарықтық тетікті жақсартуға бағытталған. Бұл ретте: баға саясатына және агроөнімдерге мемлекеттік тапсырысты жоспарлауға; ғылыми зерттеулер жүргізуге, жаңа технологияларды енгізуге; салада мемлекеттік реттеу мен бақылауды күшейтуге; азық-түліктің бәсекеге қабілеттілігін қолдауға, оны әлемдік нарыққа жылжытуға; ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен өткізу процестерін реттеуге; ауыл шаруашылығында өндірістік инфрақұрылым құруға және кеңейтуге; ауыл шаруашылығы тауарлары экспортын субсидиялауға [8] ерекше назар аударылады.

АҚШ-тағы аграрлық секторға инвестициялар ағынын қолдау үшін нақты мемлекеттер деңгейінде бекітілген реттеудің нақты нысандары мен әдістері қолданылады. Американдық ауыл шаруашылығы бюджетінің шығындары көбінесе қазіргі экономикалық жағдайға байланысты: дағдарыс кезеңінде мемлекеттік субсидиялар көбейеді, тұрақты уақытта олар азаяды. Бұл ретте ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдаудың бірнеше шаралары: бюджеттік төлемдер, бағаларды қолдау, өндірістік шығындарды өтеу, өндірістік инфрақұрылымды жақсартуға субсидиялар, түрлі бағдарламаларды іске асыру пайдаланылуы мүмкін. Қаражаттың басым бөлігі (70% - ға дейін) тиімді өндірісі бар ірі шаруашылықтарға тиесілі.

Аграрлық сектордың экономикалық дамуын ынталандыру құралдарының ішінде жер учаскелерін беру, инфрақұрылымды дамытуға жеңілдіктер, жобалау-іздістіру жұмыстарын қолдау, кадрларды даярлау және қайта даярлау саласындағы қолдау, ақпараттық-талдамалық қызмет көрсету сияқты қаржылық емес жеңілдіктерге аса маңызды орын беріледі .

Ең инвестициялық тартымды елдердің бірі болып саналатын Канададағы аграрлық секторды қолдау тәжірибесі айтарлықтай қызығушылық тудырады (2016 жылғы Foreign Direct Investment Confidence Index рейтингінде үшінші орын). Мемлекеттік инвестициялық саясаттың маңызды бағыттары - бұл салықтық жеңілдіктер мен 20-дан 35% - ға дейінгі салықтық несиелер, эксперименттік және ғылыми зерттеулер жүргізетін компаниялар үшін шығындарды тікелей немесе толық есептен шығару. Сонымен қатар, Канада үкіметі жоғары оқу орындарының жанынан зерттеу инновациялық орталықтарын құруға гранттар бөледі [10]. ҚХР-да ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеу және қолдау шаралары тікелей төлемдер мен субсидияларды, салық саясатының құралдарын, нарықтық инфрақұрылымды жетілдіруді, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын

дамытуды, кредит беруді, жерді қорғауды, ҒЗТҚЖ-ны ынталандыруды, агроөнімнің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, бағалық қолдауды қамтиды [7]. Қытайлық аграрлық реформалардың ерекшелігі-халықтың көп болуы және жермен жеткіліксіз қамтамасыз етілуі жағдайында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Мемлекет бұл мәселені ауыл шаруашылығы өнімдерін міндетті түрде жеткізу және қосымша мемлекеттік сатып алулар жүйесін енгізу, сатып алу бағаларын көтеру, халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу арқылы шешті.

Қытай үкіметі шағын ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын құруға және ауылдық жерлерде көп салалы экономиканы дамытуға баса назар аударады [11]. Осылайша, ауыл шаруашылығы өндірушілерін жан-жақты қолдау түрінде аграрлық секторды мемлекеттік реттеуді дамыған елдердегі аграрлық саясаттың негізгі бағыты деп санауға болады. Бюджеттік төлемдер, шығындарды өтеу, бағаны қолдау, инфрақұрылымды дамытуға субсидиялар сияқты әртүрлі экономикалық тұтқалар қолданылады, даму бағдарламаларын іске асыру. Бұл шаралар инвесторлар үшін қолайлы конъюнктураны қолдайды, АӨК-нің тұрақты жұмыс істеуіне жәрдемдеседі, аграрлық өңірлерде тиімді әлеуметтік-өндірістік инфрақұрылымды қамтамасыз етеді.

Аграрлық секторды мемлекеттік қолдаудың американдық және еуропалық жүйелерінің ұқсастықтары бар деп қорытынды жасауға болады. ЕО елдерінің аграрлық секторында импорттан қорғауға, ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын қолдауға, баға деңгейін ұстап тұруға басымдық беріледі, ал АҚШ-та тікелей төлемдерге баса назар аударылады. Қытай аграрлық секторын реттеу жүйесі әлі де қалыптасып келеді және ЕО елдерімен және АҚШ-пен бәсекелеседі. Қытайда да, Еуропалық Одақ елдерінде де, АҚШ-та да нарықтық және өндірістік инфрақұрылымды дамытуға көп көңіл бөлінеді, бұл ауылшаруашылық тауар өндірушілеріне кең ауқымды қолдау көрсетеді. Қаралған шаралар елдерге ішкі және сыртқы нарықта бәсекеге түсуге мүмкіндік беретін және аграрлық сектордың жоғары тиімділігін қамтамасыз ететін ойластырылған аграрлық саясатты айғақтайды. Сонымен қатар, дамыған шет елдерде тікелей қолдаудан басқа, мемлекет материалдық-техникалық ресурстарды молайтуға, агроөндірістік инновацияларды әзірлеуге және енгізуге, шаруашылықтардың өміршеңдігін арттыруға, аграрлық секторға инвестицияларды ынталандыруға бағытталған жанама қаржылық қолдау көрсетеді.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Бұл бөлімнің мақсаты-магистрлік жобаның тақырыбын зерттеуде әдіснаманы таңдауды көрсету және негіздеу.

Әрбір эмпирикалық зерттеу белгілі бір тақырыпты зерттеу және сұрақтарға жауап алу үшін деректерді қажет етеді. Зерттеудің ерекшеліктеріне байланысты қажетті деректерді екі түрлі түрге бөлуге болады: сапалық және сандық.

Жұмыста жобаның проблемаларын ашу үшін сапалы және сандық зерттеу әдістері қолданылды.

Зерттеудің сапалы әдістерінің бірі ретінде біз әдеби ресурстарды талдау мен өңдеуді қолданылды. Біріншіден, бұл әдіс жоба тақырыбының қаншалықты танымал және зерттелгенін анықтауға, өңірдің инвестициялық тартымдылығын жетілдіруге арналған ұсыныстарды негіздеуге көмектесті. Жұмыс барысында халықаралық тәжірибеге де шолу жасалды. ЕО, Қытай, АҚШ елдеріндегі аграрлық секторды мемлекеттік реттеу шаралары талданды. Дамығын мемлекеттер тәжірибесі саланың тұрақтылығының маңыздылығын айқындады. Сонымен қатар сапалық зерттеу әдісі ретінде терең сұхбат қолданылды. Өңір фермерлерінің көзқарасын білу және тиуелсіз сарапшының ойын білу мақсатында Қазақстан фермерлер одағының Батыс Қазақстан облыстық филиалының төрағасы, облыстық мәслихат депутаты, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының облыстық филиалы жанынын құрылған ауыл шаруашылық мәселелер жөніндегі өңірлік кеңес төрағасы Жарылғапов Серік Абдуғалиұлынан сұхпат алынды.

Зерттеудің сандық әдісіндегі іріктеу идеясы белгілі бір қоғамның мүшелері болып табылатын адамдарды таңдау болып табылады.

Іріктеудің екі түрі бар: ықтималды және мақсатты. Ықтималды іріктеу дегеніміз, әр өкілдің іріктеуге қатысу мүмкіндігі бар. Мақсатты үлгінің бір ішкі санаты бар-ыңғайлылықты таңдау. Іріктеудің бұл түрі зерттеушіге ыңғайлы және қол жетімді өкілдерді таңдаудан тұрады

Осылайша, жобадағы зерттеу тәсілінің түрі мақсатты іріктеу болып табылады. Зерттеу батыс Қазақстан облысының фермерлері арасында жүргізілді. Сандық зерттеу сауалнама әдісі арқылы жүргізілді. Зерттеуде сауалнама 2021 жылдың наурыз, сәуір айларында <https://docs.google.com/forms/> интернет-порталы арқылы жүргізілді.

Сауалнамаға 121 өңірдің ауыл шаруашылық құрылымдыры қатысты. Сауалнама тарату мақсатында «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының облыстық филиалының, Қазақстан фермерлер одағының, сонымен қатар мемлекеттік органдардың және фермерлердің байланыс құралдары қолданылды. Сауалнама онлайн түрде өткізілді, сол арқылы басқа әдістерге немесе құралдарға қарағанда артықшылыққа ие болдық, өйткені бізге өңірдің түрлі аудандарынан ақпаратты қашықтықтан жинауға мүмкіндік берді. Алайда, фермерлердің сауалнамаларға деген сенімсіздігінің қалыптасқанын айта кеткен жөн. Бұл мәселе сауалнаманың өтуіне айтарлықтай кедергі келтірді.

Сондай-ақ, өңірдің ауыл шаруашылық саласының негізгі көрсеткіштері бойынша 5 жылдық мерзімге статистикалық талдау жасалды. Статистикалық талдауға Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалау агенттігінің Ұлттық статистика бюросының өңірлік департаментінің мәліметтері қолданылды. Аталған талдау нәтижесінде өңір ауыл шаруашылық саласының мәселелері анықталып, жетілдіру бағытында ұсыныстар жасақтауға алғышарттар қалыптасты.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ТАЛДАУ

Магистірлік жобаны тақырыбын зерттеу барысында нормативтік құжаттарға шолу жасалды. Атап айтқанда алғашқы болып инвестициялау мәселесін реттейтін кәсіпкерлік кодексі қарастырылды. Аталған кодекстің 25- тарауында инвестициялық қызметті мемлекеттік қолдау механизмі реттелген. Инвестицияларды мемлекеттік қолдау мемлекеттік преференциялар беру арқылы жүзеге асырылады. Аталған таруда преференцияларды оның ішінде салықтық жеңілдіктер және қаржылық және заттау гранттарды беру тәртібі бекітілген. Сондай-ақ, аталған кодекстің 23-тарауында Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық жерлердің кәсіпкерлік қызметін өолдау шаралары реттелген. [12] Ауыл шаруашылығы қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қолдау:

- 1) агроөнеркәсіптік кешен және ауылдық аумақтар саласында кредит беруді дамыту;
- 2) агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялау;
- 3) ауыл шаруашылығы өнімін кепілдендірілген сатып алу бағасы бойынша сатып алу;
- 4) агроөнеркәсіптік кешенді техникалық жарақтандыру;
- 5) агроөнеркәсіптік кешенді ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз ету;
- 6) агроөнеркәсіптік кешенді ғылыми, нормативтік-әдістемелік қамтамасыз ету және ол үшін кадрлар даярлау;
- 7) ауылдық аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамытуға инвестицияларды жүзеге асыру;
- 8) негізгі өндірістік құралдарды – ауыл шаруашылығы техникасының паркін, технологиялық жабдықтарды, ауыл шаруашылығының мал басын жаңартуға арналған жағдайларды ұстап тұратын қаржылық құралдарды қолдану;
- 9) ауыл шаруашылығына инвестициялар тарту үшін қажетті жағдайлар жасау;
- 10) өнім экспортын қолдау;
- 11) салалық ғылымды дамыту және агротехнологиялық білімді тарату;
- 12) мемлекеттік қолдаудың өзге де нысандарын ұсыну арқылы жүргізіледі.

Сонымен қатар Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2022-2026 жылдарға арналған ұлттық жобасы концепциясы қарастырылды. Аталған концепцияны қарастыру барысында «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының облыстық филиалы арқылы жетілдіру бойынша берілген ұсыныстар тізбесі алынды (қосымшада 1-кесте). Берілген ұсыныстарды зерделей келе концепцияда көрсетілген агроөнеркәсіптік кешеннің табысты дамуының басымдылықтарына назар аударылды. Келтірілген 15 басымдылықтың ішінде қаржылық қызметтердің қолжетімділігін арттыру және жер ресурстарын тиімді пайдалану басымдылықтары бойынша ұсыныстар жасақталды (*толығырақ қорытындыда*).

Өңір фермерлерінің көзқарасын білу жіне тіуелсіз сарапшының ойын білу мақсатында Қазақстан фермерлер одағының Батыс Қазақстан облыстық филиалының төрағасы, облыстық мәслихат депутаты, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының облыстық филиалы жанынын құрылған ауыл шаруашылық мәселелер жөніндегі өңірлік кеңес төрағасы Жарылғапов Серік Абдуғалиұлынан сұхбат алынды.

Серік Абдуғалиұлы өңірдегі ауыл шаруашылық ахуалы тұрғысында бірнеше өткір мәселелерді атап өтті. Кезегімен тоқталсақ:

Алғашқы аса өзекті мәселе – жер мәселесі. Жер учаскелерінің тиімді пайдаланылмауы, әсіресе жерді алып пайдалананбай жатқан жер учаскелерін қайтару қажеттігін айтты. Сонымен қатар, елді мекен территориясына жақын жерлерді ауыл шаруашылық құрылымдарына беру ауыл тұрғындарына жайымдылық жерлерін туғызып отырғанын, ал ол өз кезегінде тұрғындардың наразылығына алып келеді деп пайымдайды. Сол себепті жер учаскелерін инвентаризациялау мәселесі өзекті тұр. Осы бағытта жергілікті атқарушы органдар жер учаскелерін пайдалануды бақылауды күшейту қажет деп санайды. Сондай-ақ, жергілікті атқарушы орган жанынан құрылған жер комиссияларына да фермерлер тарапынан сенімсіздігі бар екенін атап өтті. Конкурса шығарылған жерлер барлық фермерлердің қажеттілігін қамтамасыз ете алмай дефицит туғызуда. Сәйкесінше фермерлер жер учаскесіне қол жеткізе алмай, кейбірі ауыл шаруашылығымен айналысудан бас тартуда. Аудандық комиссия құрамы да көп сұрақтар туғызуда. Жергілікті комиссия мүшелерінің басым бөлігін мемлекеттік орган өкілдері құрайды. Бұл өз кезегінде соңғы шешімді белгілі бір тұлғалардың пайдасына шешуге мүмкіндік туғызады. Сол себепті комиссия құрамының жартысынан көбін қоғамдық ұйым өкілдері мен жұмыс жасап отырған беделді фермерлер құрау керек деп санайды. Бұдан бөлек комиссияға ұсынылатын бизнес жоспардың орындалуы тиісті деңгейде бақылау мүмкін емес. Демек ұсынылған бизнес жоспардың орындалуын міндеттейтін механизмін енгізу қажет. Бұл ретте әсресе жұмысын жаңадан бастаған жас фермерлер жер теліміне қол жеткізе алмауын атап өткен жөн. Сол себепті жастар мен ауыл шаруашылық кооперативтеріне конкурс кезінде басымдық беру қажет деп санайды.


Фермерлер үшін келесі кедергі қаржыландыру көздерінің қолжетімсіздігі. Қарапайым фермер үшін арзан несиелер алу қиындық туғызады, кей кезде шарттарын да түсінбей жатады. Осы ретте «КазАгро» холдингіне қарасты АКК және ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорының есігін тоздырып жүрген фермерлер мәселесі өзекті. Шарттарының түсініксіздігі мен қағазбастылықтың салдарынан фермерлер сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне баруға мәжбүр болады. Яғни несие ұйымының қызметкерлеріне жеке көмегі үшін түрлі сыйлықтар ұсынып жатады. Бұл үрдісті тоқтату үшін жүйені жетілдіру қажет. Сондай-ақ, несенің пайыздық мөлшерлемесі де тым үлкен. Ауыл шаруашылық құрылымдары үшін 2% мөлшерлеме бекіту қажет деп есептейді.

Ауыл шаруашылық техникасының тозуы саланың дамуына кедергі келтіруде. Ауыл шаруашылық техникаларына утилизациялық жиынды енгізу жағдайды үдете түсті деп санайды. Бұл техника бағасының негізсіз өсуіне алып келді. Елімізде ауыл шаруашылық техникаларының өндірісі дамымаған. Құрастырылып шығатын техникалардың сапасы да күмән туғызатыны рас. Бұл ауыл шаруашылық өндіріс қарқынын тежеп қосымша шығындарға ұшыратады. Соңғы жылдары ауыл шаруашылық техникасын алуды субсидиялау 50% дан 30%ға қысқарды. Ендігі кезекте бұл мәселені шешу шараларын қолдану қажет.

Өңірдегі ауыл шаруашылық өндірісіне қатысты басқа да мәселелер жеткілікті. Солардың бірі көлеңкелі шаруашылықтар. Атап айтсақ мал басының тірілей тасымалы. Өңірдегі мал басын алып сатарлар тірілей сатып алып шет елдерге тасымалдауда. Бұл ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеумен айналысатын ұйымдарға залал келтіруде. Бұл мәселені шешу жолдарын қарастыру да аса маңызды.

Сандық зерттеу тәсілі ретінде Батыс Қазақстан Облысының фермерлері арасында сауалнама өткізілді. Сауалнамаға 121 респондент қатысты. Сауалнама ауыл шаруашылығыны инвестициялаудың міселелерін анықтау мақсатында жасалды. Фермерлерге барынша түсінікті және сенім тудыру мақсатында жеке айқындықтарын анықтау сұрақтарынан бас тартып барынша жинақы жасақталды. Респонденттер қойылған 5 сұраққа жауап берді. Сауалнама нәтижесі төмендегідей қалыптасты:


Алғашқы «Өңірдің инвестициялық тартымдылығын 5 балдық шкаламен бағалаңыз» деген сауалға басым көпшілігі (45%) 4 деп жауап берді. Алайда 49 респондент инвестициялық тартымдылықты төмен бағалайды (1 бал 10%, 2 бал 15%, 3 бал 16%). 15% сауалнамаға қатысушылар ең жоғары балмен бағалаған. Бұл сауал қорытындысы бойынша өңірдің инвестициялық тартымдылығы бойынша біркелкі жағдай қалыптаспағанын білдіреді.



2 - сур. Өңірдің инвестициялық тартымдылығын 5 балдық шкаламен бағалаңыз


Келесі Ауыл шаруашылығымен айналысуға негізгі кедергі деген сұраққа респонденттердің 25% жер мәселесін, 25% қаржыландыру көздерінің

жоқтығын, тек 10% әкімшілік кедергілердің бар екенін атаса 40% жуығы барлық жоғарыда аталған кедергілердің орын алғандығын көрсеткен.




3 - сур. Ауыл шаруашылығымен айналысуға негізгі кедергі

Жер комиссияларының жұмысының тиімділігін қалай бағалайсыз деген сұраққа фермерлердің 15% ғана позитивті жауапты көрсеткен (6 адам тиімді, 12 адам көбіне тиімді деп жауап берді). Ал, қалған 103 респондент жер комиссияларының тиімсіздігін алға тартады (55% көбіне тиімсіз, 30% тиімсіз).



4 - сур. Жер комиссияларының жұмысының тиімділігін қалай бағалаңыз

Келесі Арзан несиелер қаншалықты қолжетімді деген сұраққа респонденттердің тек 10% ғана қолжетімді жауабын берген. Қалған 109 фермер арзан несиелердің қолжетімсіздігін және алуға деген кедергілердің көптігін көрсеткен.



5 - сур. Арзан несиелер қаншалықты қолжетімді


Ауыл шаруашылық шығындарын субсидиялаудың тиімділігін бағалаңыз деген сауалда респонденттердің позитивті және негативті жауаптары шамамен теңеседі. 10% тиімсіз, 40% көбіне тиімсіз, 25% көбіне тиімді және респонденттердің ¼ тиімді деген баға береді.



6 - сур. Ауыл шаруашылық шығындарын субсидиялаудың тиімділігін бағалаңыз


Статистикалық талдау

Ауыл шаруашылық саласы 2019 жылдың қорытындысы бойынша жалпы өңірлік өнімнің 3,1% құрайды. Бес жылдық мерзімде саланың ауыл шаруашылық саласының үлесінің төмендеу тенденциясы байқалады. Ең жоғары көрсеткіші 2016 жылға сәйкес келеді [13].



7 - сур. Ауыл шаруашылық саласының ЖӨӨ үлесінің өзгеру динамикасы


Бес жылдық мерзімде саланың үлесі төмендегенімен, ауыл шаруашылық өндірісінің жалпы көлемінің өсу динамикасы байқалады. Бұл төмендегі диаграммада бейнеленген.



8 - сур. Ауыл шаруашылық өндірісінің жалпы көлемі


Жоғарыдағы диаграммадан байқағандай өңір ауыл шаруашылығының негізгі бөлігін мал шаруашылығы құрайды (2019 жылдың қорытындысы бойынша 63%). Бұл үрдіс өңірдің **егіншілікке қауіпті аймақта** орналасуымен түсіндіріледі. Қарастырылған бес жылдық мерзімде дамудың оң динамикасын қалыптасқан. Өсімдік шаруашылығы 56% артса, мал шаруашылығы өндірісінде 64% өсім байқалады. Алайда есептік кезеңде өсімдік шаруашылығында даму тұрақсыздығы байқалады, ол ауа райы қолайсыздығы, жауын шашынның мөлшеріне тікелей тәуелділігіне

байланысты. Сол себепті төмендегі диаграммада көрсетілген үрдісті байқап отырмыз.



8 - сур. Егілген дақылдар көлемі мен өнімділігінің қатынасы кестесі

Жалпы алғанда жазғы дәнді дақылдар көлемінің азаю үрдісін, керісінше қысқы дәнді дақылдар мен майлы дақылдар көлемінің артуы байқалады. Келтірілген 5 жыл мерзімде жазғы дәнді дақылдар егілу көлемі 22% немесе 50 мың гектарға азайса, майлы дақылдар 57% артып, қысқы дәнді дақылдар 2,4 есе артып отыр. Бұл үрдісті келесідей түсіндіруге болады. Қысқы дәнді дақылдарды егу ауыл шаруашылық құрылымдарының тәуекелін азайтады. Қыс мезгілінде түсетін жауын шашынның ылғалын пайдалануға мүмкіндік береді. Оның үстіне аталған технологияның жазғы дәнді дақылдармен салыстырғандағы өнімділігін жоғарыдағы диаграммадан да көруге болады. Майлы дақылдарға келетін болсақ нарықтағы баға жоғарылығы есебінен экономикалық тұрғыдан тиімді.




9 - сур. Өсімдік шаруашылығы өнімдері , мың тонна

Есептік кезеңде жоғарыда көрсетілген өнімдердің барлығында азаю бар. Картоп 7%, көкөніс 5% ал бақша өнімдері 4,6% төмендеген. Сондай-ақ, өнімдердің өндіріс динамикасында айтарлықтай тұрақсыздық байқалады. Бұл өнімдер негізгі тұтыну тауарлары болғандықтан өңірдің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі орыны ерекше.



10 - сур. Жылыжай және көкөніс қоймаларының саны


Бес жыл ішінде жылыжайлар мен көкөніс қоймалар саны артқан. Жылыжайлардың жалпы көлемі 24,4 мың м² тан 69,6 мың м²-қа артса, көкөніс қоймаларының сымдылығы 27,8 мың тоннадан 33,6 тоннаға жеткен.



11 - сур. Мал саны, мың бас


Облыста ірі қара мал мен жылқы санында оң динамика байқалады. Атап айтқанда бес жылда ірі қара мал саны 26%, жылқы саны 47% өскен. Керісінше ұсақ мал басының азаюы байқалады. Ешкі саны 4% немесе 8 мың басқа азайған. Қой саны бес жылдық мерзімде 1% артқанымен соңғы 4 жылда тұрақты түрде азаю тенденциясы байқалады. 2019 жылдың қорытындысы бойынша өңірде тірі салмақта 96,9 мың тонна, ал сойыс салмақта тек 50,6 мың тонна ет жүзеге асырылды. Демек барлық сатылған малдың үштен екісі тірілей сатылады деген сөз. Яғни мал шаруашылығы өнімдерін өңдеу үшін өңірде кеңістік жеткілікті (одан әрі өсіру үшін бордақылау алаңдары мен ет комбинаттары).

Мал шаруашылығының өнімділігі мал басын асылдандыруға тікелей байланысты. Есептік кезеңде асыл тұқымды IQM 74%, қой 20%, жылқы 23% арқан. Бұл үрдіс төмендегі графикте бейнеленген.



12 - сур. Асыл тұқымды мал саны мың бас

Асыл тұқымды мал басының тұрақты артуы байқалады. Алайда жалпы мал басымен салыстырғанда үлесі жеткіліксіз.



13 - сур. Асыл тұқымды мал үлесі

2019 жылдың қорытындысы бойынша барлық ірі қара малдың 9% асыл тұқымды болса, қойдың 3% ғана, ал жылқыда әр жиырма бірінші жылқының асыл тұқымды статусы бар. Мал басын асылдандыру өнімділікті арттырудың алғышарттарының бірі. Осы тұрғыда бес жылдық мерзімде өндірілген сүт көлемі 225,9 мың тоннадан 236,5 мың тоннаға артқанымен, ірі қара малдың сүттілігі көрсеткіші төмендегені байқалады. Жылына бір сиырдан сауылатын сүт көлемі 1620 кг нан 1513 кг-ға немесе 7% кеміген [14].


Мал шаруашылығын дамытуда сумен қамту мәселесі өте өзекті. Мал суаты ретінде табиғи ландшафттық су көздерін пайдалану мүмкін болмаған жағдайда жер асты су көздерін жиі пайдаланылады. Сол үшін ұңғымалық құдықтарды қолданады. Төмендегі кестеде әр жылдары жаңадан қазылған

құдықтар саны көрсетілген. Соңғы жылдары жана құдықтар саны күрт төмендеуі байқалады.

Атауы	Өлшем бірлігі	2015г.	2016 г.	2017г.	2018г.	2019г.
Құдықтар	Дана	97	64	99	219	95


1 – кесте, Құдықтар саны

Өңірлік экономикада экспорттың алатын орыны ерекше. 2019 жылдың қорытындысы бойынша 4 725,5 мың тонна сиыр еті, 1 313,1 мың тонна қой етті, 4,2 мың тонна, 42,6 мың тонна ұн, 170,1 мың тонна майлы дақылдар экспортталды.



14 - сур. Экспортталған өнімдер үлесі

Сондай-ақ, ауыл шаруашылығы саласында жұмыс жасайын адам санының 2015-2018 жылдардағы өзгеру динамикасы көрсетілген. Салада жұмыспен қамтылған жалпы адам саны 2% азайғанымен, тұрақты жұмыспен қамтылғаны 29% артуы байқалады.



15 - сур. Ауыл шаруашылығы саласында жұмыс жасайтын адам саны

Бес жылдық мерзімде ауыл шаруашылығы мен тамақ өнеркәсібіне салынған инвестиция көлемі келтірілген. Есептік кезеңде ауыл шаруашылығына салынған инвестиция көлемі 28 есе артты, тамақ өнеркәсібіне салынған инвестиция көлемі 58% кеміген. Тамақ өндірісіне салынған инвестиция көлемінің ең жоғары көрсеткіші 2017 жылға сәйкес келіп, 2 804,7 миллион теңгені құрады.



16 - сур. Инвестиция көлемі, млн тг.

Ауыл шаруашылық саласын қаржыландыру бойынша несиеледің алатын орыны ерекше. Оның ішінде бағытталған бюджеттік неселер саланың дамуына ықпалы зор. Бұрынғы Қазагро, бүгінгі таңда Бәйтерек холдингіне қарасты ұйымдар арқылы несиелеу шаралары қарқынды жүруде. Төмендегі кестеде бес жылдық мерзімде қаржыландыру көлемі көрсетілген.

Атауы	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.
Ауыл шаруашылық тауарөндірушілері мен ауылдарды «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ арқылы несиелеу	1585,2	1394,4	3803,8	4094,7	4492,7
«Аграрлық несиелік корпорация» АҚ арқылы несиелеу	3200,1	3584,7	2952,1	4248,7	10541,7
«КазАгроФинанс» АҚ арқылы Техники лизингі	1006,6	1382,4	1671,0	3016	4680,6
Жалпы	5791,9	6361,5	8426,0	11359,4	19715,0

2 – кесте, АӨК несиелеу көлемі, млн.теңге

Агроөнеркәсіптік кешен облыс экономикасының негізгі саласы болып табылады. Зерттеу тақырыбыма сәйкес инвестициялық ахуалын қарастырдым. Атап айтқанда өңірдегі инвестициялық жобалар шолу жасадым.

Өңірде етті мал шаруашылығы әлеуетті бағыттардың бірі болып табылады. Сонымен қатар, облыста сүтті мал шаруашылығын, құс шаруашылығын дамыту, картоп, көкөніс өнімдерін, өнеркәсіптік жылыжай кешендерін, өңдеу саласын, ауыл шаруашылығы кооперативтерін өндіру және сақтау бойынша жұмыстар белсенді жүргізілуде.

2019 жылы келесі инвестициялық жобалар іске асырылды::

Казталов ауданындағы «Ет индустриясы» ЖШС 5 мың басқа арналған бордақылау алаңын пайдалануға берді. Жобаның құны 2 500,0 млн.теңгені құрады.

Таскала ауданында «Taskala-Et ВКО» ЖШС 5 мың басқа арналған бордақылау алаңын іске қосты. Жобаның құны 1 300 млн.теңге.

2020 жылы мынадай ірі инвестициялық жобалар іске асырылды:

Орал қаласындағы «Кублей» ЖШС тері өңдеу цехын іске қосты. Жобаның жалпы құны 886,8 млн. теңгені құрады. Жобаның қуаттылығы ауысымына 600 дана тері. Жоба итальяндық RAJUSCO TECHNOLOGIE SRL фирмасының жабдықтарын сатып ала отырып, итальяндық технология бойынша жүзеге асырылды.

Орал қаласындағы «Орал жылыжай комбинаты» ЖШС голландтық технология бойынша салынған ауданы 5,5 га өнеркәсіптік жылыжайды пайдалануға берді, жобаның құны 7 млрд.теңге. Жобаның қуаттылығы жылына 2,5 мың тонна өнім.

«Аманат» ШҚ Бөрлі ауданында 600 басқа арналған сүт-тауар фермасы пайдалануға берілді, жобаның құны 2,5 млрд.теңгені құрайды.

Бұдан басқа, алдағы жылдары (2021-2025 жж.) облыстың агроөнеркәсіптік кешені саласында жалпы сомасы 109 млрд. теңгеге 47 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарлануда. Оның ішінде 2021 жылы жалпы сомасы 27,8 млрд. теңгеге 23 инвестициялық жобаны іске асыру бойынша жұмыс жүргізілуде:

- Мал шаруашылығында жалпы сомасы 9,2 млрд. теңгеге 9 жоба бар:

«Ringo-Milk» ЖШС Теректі ауданында сыйымдылығы 1500 бас ІҚМ сүт кешенінің құрылысы, сүт өндірісі тәулігіне 25 тоннаға дейін. Жобаның құны 3,9 млрд. теңгені құрайды. 25 жұмыс орны құрылады.

«Сырым KZ» ШҚ Теректі ауданында 2000 бас ІҚМ бордақылау алаңын кеңейту. Құны 1,0 млрд.теңге. Құрылады 20 жұмыс орны.

«Боранбаев» ШҚ Бөкей ордасы ауданында 1 000 басқа арналған бордақылау алаңын салу. Құны 100 млн.теңге. 15 жұмыс орны құрылады.

«Ұялы» ШҚ Ақжайық ауданында 1 000 басқа арналған бордақылау алаңын салу. Құны 200 млн.теңге. 15 жұмыс орны құрылады.

«Аманер» ШҚ Ақжайық ауданында 1 000 басқа арналған бордақылау алаңын салу. Құны 100 млн.теңге. 15 жұмыс орны құрылады.

«KazMeatIndustry» ЖШС жалпы аналық қой басы 5 000 басқа дейін және жалпы қой басы 40 000 басқа дейін Романовск тұқымды қойларды өсіру бойынша репродуктор құру. Жобаның құны 1,7 млрд.теңге. 20 жұмыс орны құрылады.

«Тасқала құс фабрикасы" ЖШС қуаттылығы әр түрлі құстардың 20 000 басына дейін құс фермасын, сондай-ақ 90 000 басқа арналған инкубатор салу. 20 жұмыс орны құрылады.

«Жайық Агро ЛТД» ЖШС Бәйтерек ауданында ет бағытындағы құс фабрикасын 12 мың тоннаға дейін кеңейту. Жобаның құны 3 млрд.теңге. 30 жұмыс орнын құру жоспарлануда.

- Өсімдік шаруашылығында жалпы сомасы 17,2 млрд. теңгеге 5 жоба бар:

«World Green Company» ЖШС Бәйтерек ауданындағы ауданы 12 га, құны 14 млрд теңге болатын жылыжай кешені. 30 жұмыс орнын құру жоспарлануда.

«Baystone» ЖШС Бәйтерек ауданында сыйымдылығы 4 мың тонна көкөніс қоймасын салу, жобаның құны 1,1 млрд теңге. 5 жұмыс орнын құру жоспарлануда.

«Рубежинский» ӘКК Бәйтерек ауданында көкөністерді қайта өңдеу және сақтау кешенін салу. Сақтау көлемі 7 000 тонна. Өңдеу қуаты сағатына 8 тоннаға дейін. Жобаның құны 480 млн.теңге. 20 жұмыс орнын құру жоспарлануда.

Теректі ауданындағы «West Agro Food» ЖШС картоп өсіру және жартылай фабрикаттар өндіру бойынша жобаны іске асыруда. Жобаның құны 1,3 млрд.теңге. 20 жұмыс орнын құру жоспарлануда.

«Жаңа Әлем» ШҚ Бәйтерек ауданында сыйымдылығы 3,2 мың тонна көкөніс сақтау қоймасын салу, жобаның құны 350 млн.теңге. 5 жұмыс орнын құру жоспарлануда.

- Ауыл шаруашылығы жануарларын сапалы азықпен қамтамасыз ету мақсатында «Адай Бекет», «Нығмет», «Ерқожа», «Айдар», «Сатыбалды», «Қамқор», «Адия Агро» шаруа қожалықтары жалпы сомасы 408 млн.теңгеге жер учаскелерін суару бойынша жобаны іске асыруда.

- Орал қаласындағы «Uralsk Trade Company» ЖШС қайта өңдеуде қуаттылығы жылына 47 мың тонна, құны 470 млн.теңге дайын өнім болатын сүт зауытын салу жобасын іске асыруда. 30 жұмыс орнын құру жоспарлануда.

«Каверина С.В.» ЖК Бәйтерек ауданында құны 50 млн. теңге болатын сүт зауытын ауысымда 50 тоннаға дейін кеңейту. 20 жұмыс орнын құру жоспарлануда.

Сондай-ақ, өңірдің ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеу бойынша ақпаратты қарастырдым. Бүгінгі таңда қайта өңдеу бойынша ахуал төмендегідей қалыптасқан.

Облыстың қайта өңдеуші кәсіпорындарымен 2020 жылы ақшалай көлемде

78 823 млн. теңге сомасында өнім шығарылып, нақты көлем индексі 97,9% құрады.

Өңірдегі қайта өңдеу өнімдерінің негізгі көлемі ұн, сүт және ет өңдеу саласында өндіріледі.

Ұн тарту және күнбағыс майын өндіру саласындағы кәсіпорындарымен 2020 жылы: 107 039 тонна ұн (2019 жылы 101 019 тонна) немесе 106%, 23 568 тонна макарон өнімдері (2019 жылы 17 848 тонна) немесе 132%, 7 217 тонна күнбағыс майы (2019 жылы 5854 тонна) немесе 123% артық өндірілді.

«Пойма Май комбинаты» ЖШС 2020 жылы өндірістік қуаттылықты арттыру мақсатында, рафинадталған күнбағыс майы өндірісін ауысымына 10 тоннадан құны 1 368,4 млн. теңгені құрайтын 100 тоннаға дейін ұлғайту бойынша кәсіпорынды жаңғыртуды бастады. Жаңғыртуды ағымдағы жылы аяқтау жоспарланған.

2020 жылы ет өңдеу кәсіпорындарымен: 16,2 мың тонна ет және тағамдық қосымша өнімдері (2019 жылы 17,3 тонна) немесе 93,3%, 8,3 мың тонна шұжық өнімдері (2019 жылы – 8,4 тонна) немесе 99,1%, 5,7 мың тонна ет консервілері

(2019 жылы 5,7 тонна) немесе 99,8% өндірілді. Өндірістің төмендеуі «COVID-19» коронавирусының таралуы қаупіне сәйкес төтенше жағдайдың енгізілуімен байланысты.

Ағымдағы жылы өндірісті арттыру, халықты құс етімен қамтамасыз ету мақсатында «Жайық Агро ЛТД» ЖШС өндіріс көлемін 2 есеге (7 мың тоннадан 12 мың тоннаға дейін) ұлғайту бойынша кеңейту жұмысын бастады.

Өндірілген құс етінің бір бөлігі өз өндірісінің шұжық өнімдерін өндіру үшін пайдаланылады, бір бөлігі осы өнімнің импорт көлемін азайта отырып, ішкі нарықта өткізіледі деп күтілуде.

2020 жылы сүтті қайта өңдеу кәсіпорындарымен: 1105 тонна сүт және кілегей (2019 жылы – 1413 тонна) немесе 78,2%, 222 тонна сары май (2019 году 247 тонна) немесе 83,7%, 267 тонна ірімшік және сүзбе (2019 жылы 319 тонна) немесе 83,7%,

541 тонна басқа сүт өнімдері (2019 жылы 614 тонна) немесе 88,1% өндірілді. Өндірістің төмендеуі «COVID-19» коронавирусының таралуы қаупіне сәйкес төтенше жағдайдың енгізілуімен байланысты.

Ағымдағы жылы «Uralsk Trade Company» ЖШС тәулігіне 130 тонна сүт және сүт өнімдерін шығаратын сүт өңдеу зауытын салу жобасы жүзеге асырылуда. Жоба іске қосылғаннан кейін өндіріс көлемін арттыру жоспарлануда.

Аталған мекемеде тәжірибеден өту мерзімінде өңірде жазғы жауын шашын мөлшерінің аздығы мен мал қыстағының ұзаруы салдарынан жеке аулаларды мал азығының жетіспеушілігі мәселесі орын алды. Ауыл шаруашылығы басқармасының ақпаратына сәйкес 2020-2021 жылғы мал қыстағына 1616,0 мың тонна шөп қажеттілігінің 1674,6 мың тоннасы дайындалды, бұл қажеттіліктің 103,6% құрап отыр. Алайда мал азығының облыс бойынша біркелкі жетіспеушілігі орын алды. Сол себепті оңтүстік аудандарға жем-шөп тасымалдау қажеттілігі туындады. Бұл жетіспеушілікті басқарма төмендегідей түсіндіреді.

Ауыл шаруашылығы мақсатына пайдаланылатын су көлемінің жетіспеуі;

Соңғы жылдары жауын-шашынның (қар, жаңбыр) азаюына байланысты құдықтар мен еріген қар суын жинауға арналған қолдан жасалған су қоймасын (тоған) толтырған жер үсті суларының күрт жетіспеушілігі байқалады, бұл салынған құдықтардың, тоғандар мен мал суару үшін қолданылатын басқа да ашық су қоймаларының кебуіне әкелуде.

Жоғарыда айтылған себептерге байланысты жайылымдық алқаптарды игеруде немесе отарлы мал шаруашылығын дамытуда қиындықтар туындауда.

Малды сумен қамтамасыз ету үшін қолданыстағы каналдарды тазарту және жөндеу жұмыстарын жүргізу, жаңа каналдар салу және су қоймаларын толтыру үшін бірінші су алу мәселесін шешу қажет.

Батыс Қазақстан облысындағы су қорының 80 пайызы көршілес Ресейге тәуелді. Өйткені, осындай мөлшердегі су Ресей Федерациясы аумағында қалыптасады. Айталық, өңірдегі ең басты су көзі – Жайық өзені өз бастауын Башқұртстан тауларынан алады. Ал облыстың оңтүстігіндегі Қараөзен мен Сарыөзенге су Саратов облысы арқылы жетеді. Жәнібек суландыру жүйесіне су Ресейдің Волгоград облысы арқылы Еділ өзенінен келеді.

Облысымыздағы Жайық, Орал-Көшім, Жәнібек, Қараөзен мен Сарыөзен суландыру жүйелеріндегі су тапшылығын болдырмау үшін көршілес Ресей мемлекетінен су алу мәселесі шешуді қажет етеді.

Бұл мәселелер алдағы уақытта шешімін тапса, отарлы мал шаруашылығының дамуы мен суланған лимандар мен пайдаланылатын жайылымдық алқаптардың көлемінің ұлғаюына оң әсерін тигізетін болады.

Сонымен қатар, Жайықтың оң және сол жақ жағалауындағы бау-бақша өсірумен шұғылданатын елді-мекендердегі шаруалар мен тұрғындарға да қажетті су көлемінің жетіспеуі ауыл шаруашылығындағы өнім өндірісінің дамуына да кері әсерін тигізуде.

Осыған орай, жылма-жыл қажетті бөлінетін және сатып алынатын су көлемін ұлғайту мәселесін Үкіметтік деңгейде қарастыруды ұсынылған.

Ауыл шаруашылық техникаларының жай күйі

Батыс Қазақстан облысында 31 957 бірлік техника тіркелген, оның ішінде 10 927 тракторлар, 949 астық жинайтын комбайн, 357 орудылар, 2994 астық сепкіштер, 1011 трактор соқасы, 809 қопсытқыш және 14 910 техниканың басқа түрлері.

Облыс бойынша техниканың жаңартылуы 4% құрайды.

2018-2020 жылдары аралығында облыста 3025 бірлік техника алынған. Ал ағымдағы жылдың 1 ақпан айына алынған техниканың саны 130 бірлік.

Жыл сайын машина-трактор паркі 2,6% жаңартылып отырады. Осы орайда, машина-трактор паркінің жақсарту мақсатында ауыл шаруашылық техникаларына берілетін лизинг несиелерін жылдық жарнасын 2-3% азайтуды ұсынып отыр.

ҚОРЫТЫНДЫ

Әдебиеттерге шолу, халықаралық тәжірибені зерттеу, статистикалық талдау, сонымен қатар жүргізілген сандық және сапалық зерттеу әдістері, оның ішінде тереңдетілген сұхбат пен сауалнама нәтижесінде Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылық саласының инвестициялық тартымдылығы тұрғысында мәселелері анықталып, жетілдіру бойынша ұсыныстар жасақталды.

Жүргізілген терең сұхбат пен сауалнама нәтижесінде 2 негізгі мәселені анықталды. Біріншісі - жер мәселесі. Бүгінгі таңда жер ресурстарының тиімді пайдаланылуы және ауыл шаруашылық айналымына қосу тұрғысында өткір мәселелер қалыптасқан. Осы орайда өңірдегі қалыптасқан келесі мәселе назар аудару қажет. Батыс Қазақстан облысы егіншілікке қауіпті аймаққа жататындықтан егілген жер көлемінің қысқару үрдісі байқалады. Бұл үрдіс жасалған статистикалық талдаумен де негіздеуге болады. Сол себепті егістікке арналған жер учаскелеріне сұраныс төмендеді. Атап айтқанда ауыл шаруашылық айналымына қосылмаған тыңайған жерлер мөлшері артып отыр.

Тыңайған жер - бұрын егістік құрамында болған және күзден бастап бір жылдан аса ауыл шаруашылығы дақылдарын егуге пайдаланылмайтын және пар айдауға әзірленбеген жер учаскесі [15].

№	Аудан/ қала атауы	А/Ш мақсатындағы жерлер		Босалқы жерлер
		Жыртылған жер	Тыңайған жер	Тыңайған жер
1	Акжайық ауданы	1014	6788	12666
2	Бокей орда ауданы	0	804	1712
3	Бөрлі ауданы	60938	88639,7	101441,2
4	Жаңақала ауданы	0	508	14920
5	Жәнібек ауданы	468	2337	33052
6	Бәйтерек ауданы	257388	101978,1	17982,6
7	Қазталов ауданы	73	5694,9	17009,6
8	Қаратөбе ауданы	60	7604,9	37061,1
9	Сырым ауданы	19926	14189	135666
10	Тасқала ауданы	38916,4	49351,9	34833,5
11	Теректі ауданы	145630	108260	32598
12	Шыңғырлау ауданы	33637	57875	92005
13	Орал қаласы	18706,3	13992,7	888
	Облыс бойынша	576756,7	458023,2	531835

3 – кесте, БҚО тыңайған жер көлемі, гектар

Жоғарыдағы кестеде Батыс Қазақстан облысының жер қорынан ақпарат көрсетілген. Ақпаратқа сәйкес 989 858 гектар жер тыңайған жер санатына тиесілі. Яғни ешқандай ауыл шаруашылық өндірісіне арастырылмаған. Алайда, 458 023,2 гектар жер ауыл шаруашылық құрылымдарымен жалға алынған. Ал 531 835 гектар тыңайған жерге фермерлер тарапынан сұраныс

мүлдем жоқ. Бұл жерлер ауыл шаруашылық айналымына қосылмаған. Тіпті егін шаруашылығымен айналыспайтын 5 ауданда 103 754 тыңыйған жер санатында тұр. Осы орайда келесі ұсыныс жасақталды – **Тыңыйған жерлерді трансформациялау арқылы ауыл шаруашылық айналымына қосу.**

Аталған процес жер кодексінің 98 бабыда бекітілген тәртіппен жүзеге асады.

98-бап. Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екіншісіне ауыстыру тәртібі

1. Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екіншісіне ауыстыру (трансформациялау) қажеттігі табиғи факторларға, оларды бұдан кейін де басқа жер алқаптарының құрамында пайдаланудың экономикалық тұрғыдан орындылығына негізделеді.

2. Жер учаскесі меншік иесінің немесе жер пайдаланушының жер учаскесінің орналасқан орны бойынша тиісті жергілікті атқарушы органға берген өтінімі, сондай-ақ жергілікті атқарушы органның бастамасы ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екіншісіне ауыстыру жөніндегі жұмыстарды жүргізуге негіз бола алады.

3. Жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүргізілетін ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екіншісіне ауыстыру жөніндегі жерге орналастыру жұмыстарын қаржыландыру - бюджет қаражаты есебінен, ал жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың өтініштері бойынша - олардың өз қаражатының есебінен жүзеге асырылады.

4. Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екіншісіне ауыстыру жер учаскесі, учаскелер тобы, суармалы алап, жер пайдалану бойынша жүргізілуі мүмкін.

Топырақ-мелиорациялық жай-күйі оларды басқа алқап түріне ауыстыруды қажет ететін ауыл шаруашылығы алқаптарының болуы қолда бар жоспарлау-картографиялық материалдарды, жерге орналастыру, мелиорациялық құрылыс жобаларын, топырақты зерттеу, топырақ-мелиорациялық, геоботаникалық ізденістер материалдарын, тұздандудың түсірілген суреттерін, жер кадастрының, жерді түгендеудің деректерін зерделеу негізінде алдын ала анықталады.

5. Неғұрлым бағалы ауыл шаруашылығы алқаптарын бағасы төменгілеріне ауыстыруға:

егістік үшін - жердің агроөндірістік топырақ сипаттамасының олардың нақты пайдаланылуына сәйкес келмеуі, улы заттармен ластанудың жоғары деңгейі;

Қажет болған кезде жергілікті атқарушы органдар бағалы ауыл шаруашылығы алқаптарын бағасы төменгілеріне ауыстырудың басқа да көрсеткіштерін: ауыл шаруашылығы алқаптарының өнімділігінің тым төмен болуы, топырақтың тұздану, сортаңдану, ластану деңгейін және алқаптардың сапалық сипаттамасына әсер ететін басқа да өлшемдерді белгілейді.

6. Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екіншісіне ауыстыру жөніндегі материалдарда:

қорытындылар мен ұсыныстары бар түсіндірме жазба;

бір түрден екіншісіне ауыстыру көзделген жерлердің экспликациясы;

трансформацияға жататын анықталған ауыл шаруашылығы алқаптары көрсетілген далалық зерттеу актісі мен сызбасы;

жер учаскелерінің сапалық сипаттамасы;

суару жүйесінің, жайылма суару жүйесінің, суландыру құрылыстарының техникалық жай-күйі, сондай-ақ негізгі қорлардың құны туралы мәліметтер болуға тиіс.

7. Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екіншісіне ауыстыру жөніндегі материалдар ауданның уәкілетті органына аудан бойынша жинақтап қорыту, ауыл және су шаруашылығының аудандық органдарымен келісу үшін жіберіледі [15].

Жоғарыда аталған бапқа сәйкес Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екіншісіне ауыстыруға негіздеме жер учаскесін зерттеу нәтижесі болып табылады. Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екіншісіне ауыстыру жөніндегі жерге орналастыру жұмыстарын қаржыландыру - бюджет қаражаты есебінен жүзеге асатындықтан экономикалық тиімділігін есептейік. Ол үшін «Орал-Жер» ЖШС жер учаскесін зерттеуге смета алынды (қосымша А). Мысал ретінде Қаратөбе ауданындағы 15 000 гектар жер алынды. Атлаған жерді телімін зерттеу үшін дайындық және далалық жұмыстарға 2 689 154 теңге қаражат қажет, камералдық жұмыстарға 757 439 теңге шығын кетеді, ал зертханалық шығындар 6 513 200 теңгені құрайды. ҚҚС қосқандағы зерттеудің жалпы құны 11 154 968 теңгені құрайды.

$$\frac{11\,154\,968}{15\,000} = 744$$

1 гектар тыңыйған жерді трансформациялау үшін шығын 744 теңге. Бүгінгі таңда мемлекеттік жер қорындағы 531 835 гектар тыңыйған жерді трансформациялауға мүмкіндік бар.

$$531\,835 \times 744 = 395\,685\,240$$

Демек берілген тыңайған жерлерді жайылымдық жерлерге айналдыру үшін 395 685 240 теңге қаражат қажет. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 3-3/332 «Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктемегің шекті рұқсат етілетін нормасын бекіту туралы» бұйрығында бекітілген нормаға сәйкес Батыс Қазақстан облысының далалық зонасында 1 бас ірі қара мал басына 8,5 га жайылымдық жер бекітілген. [16]

$$\frac{531\,835}{8,5} = 62\,569$$

Демек трансформациялауға жататын жер көлеміне 62 569 ірі қара мал басы келеді. Репродуктивті жастағы 1 аналық тауарлы мал басының бағасы 250 000 деп алсақ барлық трансформацияланған аймаққа 15,64 миллиард теңге инвестиция алу мүмкіндігі бар. Бұл гектарына 29 411 теңге, яғни шамамен салынған шығыннан 40 есе көп инвестиция салынады.

Сонымен қатар зерттеу нәтижесінде қаржыландыру көздерінің мәселесі анықталды. Бүгінгі таңда ауыл шаруашылығын қаржыландыру функциясын бұрынғы «ҚазАгро» холдингіне қарасты, қазір «Бәйтерек» холдингіне қарасты ұйымдар жүзеге асырылады. Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 52-тармағын орындау үшін «ҚазАгро» холдингін «Бәйтерек» холдингіне қосу жолымен бірыңғай даму институтын құру бойынша іс-шаралар жүргізілді. Осыған байланысты «Бәйтерек» холдингінің құрамына өзінің барлық функцияларын сақтай отырып, үш еншілес ұйым кірді. [17] Ұйымның бағыну иерархиясы төмендегі схемада көрсетілген.



17 - сур. АӨК қаржыландыру ұйымдарының бағыну иерархиясы

Осылайша, **«Аграрлық несиe корпорациясы» АҚ** еліміздің агроөнеркәсіптік кешенінің (АӨК) тұрақты дамуына ықпал етеді. Елдің АӨК-ін техникалық жабдықталуына **«ҚазАгроҚаржы» АҚ** көмектеседі, сонымен қатар сапалы және бәсекеге қабілетті лизинг қызметтерін ұсынады. **«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ** АӨК-нің басым бағыттарын дамыту және халықтың жұмыспен қамтылу деңгейін арттыру мақсатында Шағын кәсіпкерлікті қаржыландырады.

«Аграрлық несиe корпорациясы» АҚ қызметі:

Компания агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бағдарламаларының қаржылық операторы болып табылады және оларды тікелей және қаржы институттары (КТ, МФО, БВУ, ЛК, РИЦ) арқылы несиелендіру бағдарламалары арқылы жүзеге асырады. МҚҰ және ЛК арқылы несиелендіру 2016 жылдан бастап жүзеге асырыла бастады және одан әрі дамуды қажет етеді. Компания сонымен қатар ауылшаруашылық инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға қатысады.

Бюджеттік қаражатқа тәуелділікті азайту үшін Қоғам қаржыландыру көздерін әртараптандырады. Капиталдың ішкі нарығында қаражат тарту ең алдымен корпоративті облигациялар шығару арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Қоғам халықаралық қаржы институттарынан қаражат жинайды. Мақсатты бизнес моделі Қоғам қызметінің екі негізгі бағытын анықтайды: қаржылық және қаржылық емес қолдау шаралары.

Бірінші бағытқа тікелей несие беру кіреді, оны кейіннен 2025 жылға қарай нөлге дейін төмендету және жанама несиелеу, агроөнеркәсіптік кешенді қаржыландыру тұрғысынан қаржы институттарының институционалдық дамуы артып келеді.

Компания сонымен қатар агроөнеркәсіптік кешенге ең үлкен әлеуметтік-экономикалық әсер ететін инвестициялық жобаларды қаржыландырады [19].

«ҚазАгроҚаржы» АҚ қызметі

«ҚазАгроҚаржы» АҚ «Ауыл шаруашылығының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 24 қарашадағы № 1777 қаулысына сәйкес 1999 жылы 28 желтоқсанда ауыл шаруашылығындағы басты мәселелердің бірі – техника паркін жаңарту мәселесін шешуде көмек көрсету мақсатында құрылған. Қоғам «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингінің құрамына енеді. Өз кезегінде Холдингінің Жалғыз акционерінің функциясын Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі атқарады. Қоғам өз қызметін Акционерлік қоғамдар туралы заңға және дүние жүзіндегі корпоративтік басқарудың ең үздік тәжірибесіне сәйкес жүзеге асырады.

Миссиясы - Сапалы және бәсекелі лизингтік қызметтер ұсыну жолымен Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін техникалық жарақтандыруға жәрдемдесу.

Пайымдауы - «ҚазАгроҚаржы» АҚ-саланың қазіргі заманғы және жоғары технологиялық техникаға қажеттілігін қамтамасыз ететін Қазақстанның АӨК лизинг нарығындағы көшбасшы.

Қызмет түрлері

Жарғылық мақсаттарды іске асыру үшін, Қоғам келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) агроөнеркәсіптік кешендегі лизингтік қызмет;
- 2) несиелендіру және Қоғамның мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін, заңнамалық актілермен тыйым салынбаған басқа да қызмет түрлері;
- 3) республикалық бюджеттік бағдарламаларды және агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға бағытталған басқа да бағдарламаларды іске асыруға қатысу.

Қазақстанның барлық аймақтарында компанияның 16 филиалы бар.

Қоғам миссиясы - Агроөнеркәсіптік кешеннің басым бағыттарын дамыту және жұмыспен қамту деңгейін арттыру мақсатында шағын кәсіпкерлікті қаржыландыру.

Қоғамның көзқарасы - Қаржылық тұрақты және технологиялық тұрғыдан дамыған компания, әлеуметтік жауапкершілік деңгейі жоғары, кәсіпкерлерге қаржылық қызметтердің қол жетімділігін қамтамасыз етеді [21].

«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ қызметі:

Қоғамды құрудың мақсаты ауылды жерлерде шағын несиелендірудің тиімді жүйесін дамыту жолымен ауылдық кәсіпкерлікті дамыту және халықтың әл-ауқатын жақсарту болып табылады.

Қоғамның қызметі:

1. ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді қаржылық сауықтыру, ауыл шаруашылығын дамыту бағдарламасын орындау;
2. ауыл шаруашылығы секторын, ауылдардағы, моно және шағын қалалардағы тұрғындар мен кәсіпкерлерді қолдау жөнндегі үкіметтік және үкіметаралық бағдаламаларлы жүзеге асыру
3. агроөнеркәсіп кешенінде өзінің жобаларын іске асыру үшін отандық және шетел инвестицияларын тарту;
4. агроөнеркәсіп кешенінде инвестициялық және инновациялық жобаларды әзірлеу және жүзеге асыру
5. ауылдардағы, моно және шағын қалалардағы тұрғындарды, шағын және орта бизнесті, нарықтық инфрақұрылым объектілерін несиелендіру;
6. тиісті лицензияның негізінде банктік қарыз операцияларының түрлерін жүзеге асыру;
7. лизингтік қызметті жүзеге асыру;

Жоғарыда аталған «Бәйтерек» холдингіне қарасты қаржыландыру ұйымдарының қызметіне талдау жасай келе айқын ұқсас тұстарын байқауға болады. Аталған ұйымдардың дербес қызмет етуі қарапайым фермерлер үшін қиындық туғызуда. Ауыл шаруашылық құрылымдарының өкілдері қаржыландыру көздеріне қол жеткізу үшін әр ұйымның табалдырығын тоздыруға мәжбүр. Сәйкесінше әр ұйымға жүгіну кезінде бөлек құжат жинақтап, бюрократиялық кедергілерге кездеседі. Аталған кедергілерге ұшыраған фермерлер уақыт ресурстарын жоғалтып кей кездері ұйым ұызметкерлеріне сыбайлас жемқорлық әрекеттерін ұсынады (арнайы сый сияпат арқылы құжаттар жинақтауға көмек, өтініш қаралымын тездету т.с.с.). Бұл жағдай фермерлер тарапынан сенімсіздіктің артуына себеп болады. Аталған мәселенің шешу жолы ретінде «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ, «ҚазАгроҚаржы» АҚ, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ құрылымын оңтайландыру ұсынылады. Шартты түрде «Агробанк» құру арқылы Елбасының 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» жолдауының Сегізінші міндетінде көрсетілген «Бір терезе» қағитан жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, ұйымдар қызметін оңтайландыру фермерлерге жоғарыда көрсетілген қызмет түрлерін бір жерден алуға мүмкіндік туғызады. Бұл шешім төмендегі артықшылықтарды туғызады.

1. Фермерлердің уақыттық ресурстарын үнемдеу

2. Ұйымдар арасындағы өзара қарым қатынасты оңайлатады (келісу кезеңдерін азайтады)
3. Қызмет алушылар туралы ортақ дерек қорын құру мүмкіндігі, сол арқылы өтініштерді қарастыру уақытын жеделдету
4. Ұқсас функцияларды біріктіру
5. Бюджеттік қаражаттың игерілуін бақылауды оңайлатады

Жоғарыда келтірілген ұсыныстар Батыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылық саласының инвестициялық тартымдылығын арттыруға мүмкіндік береді. Өңір агроөнеркәсіптік кешенінің көшбасшысы мал шаруашылығының дамуына жаңа серпін береді. Мал шаруашылығының дамуына негізгі кедергі кеңістік жетіспеушілігі мәселесін шешеді. Екінші ұсыныс инвестициялауға қаржы көздеріне қол жеткізуді жеңілдетеді. Сол арқылы жаңа инвестициялар ағының қамтамасыз етеді.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. «Қазақстан 2050» стратегиясы. URL: https://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs (қарау күні: 05.10.2020)
2. Елбасының 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» жолдауы. URL: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevty-n-kazakistan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar (қарау күні: 07.10.2020)
3. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» жолдауы URL: https://www.akorda.kz/kz/legal_acts/decrees/memleket-basshysynyn-2018-zhylgy-5-kazandagy-kazakstandyktardyn-al-aukatynyn-osui-tabys-pen-turmys-sapасыn-arttyru-atty-kazakistan-halkyna-zh (қарау күні: 05.10.2020)
4. Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К.Тоқаевтің 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» жолдауы. URL: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakistan-halkyna-zholdauy (қарау күні: 06.10.2020)
5. Мусағалиева, Г.М., Байғалиева, А.С. «Перспективы развития инвестирования агропромышленного комплекса Западно-Казахстанской области» URL: <https://moluch.ru/conf/econ/archive/172/> (қарау күні: 15.11.2020)
6. Примбетова, С.Ч., Кахар, А.Ж. Инвестиционный потенциал устойчивого развития западно-казахстанской области URL: https://apni.ru/media/Sb_k-31.01.20.pdf (қарау күні: 09.11.2020)
7. Мальцева, В.А. Государственная поддержка сельского хозяйства в зарубежных странах: эволюция теории и практики реализации. Екатеринбург: 2015 URL: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=23734371> (қарау күні: 19.11.2020)
8. Михайлушкин, П.В., Баранников, А.А. Современные приоритеты аграрной политики развитых стран мира // Научный журнал КубГАУ. 2013. № 90. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sovremennye-prioritety-agrarnoy-politiki-razvityh-stran-mira> (қарау күні: 24.12.2020)
9. Опыт государственного регулирования и поддержки сельского хозяйства за рубежом // Общество и экономика. 2008. № 8 URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/opyt-gosudarstvennoy-podderzhki-selskogo-hozyaystva-za-rubezhom> (қарау күні: 29.10.2020)
10. Данкверт, С., Лавровский, В. Государственная поддержка агропроизводства в Канаде // АПК: экономика, управление. 2004. № 3. URL: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=9265444> (қарау күні: 16.02.2021)
11. Папцов, А.Г. Государственное регулирование экономики за рубежом:

- аграрный аспект. М.: МиД, 2006. URL: <http://www.cnshb.ru/artefact3/ia/ie1.asp?page=BO&ned=377817> (қарау күні: 07.02.2021)
12. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375> (қарау күні: 26.03.2021)
 13. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы URL: <https://stat.gov.kz/region/253160/dynamic> (қарау күні: 16.10.2020)
 14. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы URL: https://stat.gov.kz/region/253160/statistical_information/publication (қарау күні: 21.10.2020)
 15. Қазақстан Республикасының Жер Кодексі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K030000442_ (қарау күні: 28.03.2021)
 16. Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілген нормасын бекіту туралы» ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі №3-3/332 бұйрығы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500011064> (қарау күні: 16.10.2020)
 17. «Бәйтерек» холдингінің ресми интернет ресурсы URL: <https://www.baiterek.gov.kz/ru/o-kholdinge/struktura-kholdinga/> (қарау күні: 08.04.2021)
 18. «Жайылымдар туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы №47-VI Заңы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1700000047>
 19. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ ресми сайты URL: <https://www.agrocredit.kz/main/about/our-mission/> (қарау күні: 10.04.2021)
 20. «Жеке қосалқы шаруашылықтарды елді мекендердің шекаралары шегінде мал ұстау және ауыл шаруашылығы пайдалымындағы елді мекенді жерлерде малдарды бағу жүктемесінің ветеринарлық нормативтерін бекіту туралы» ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2008 жылғы 24 қаңтардағы №28 Бұйрығы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V080005145> (қарау күні: 19.03.2021)
 21. «ҚазАгроҚаржы» АҚ ресми сайты URL: <https://www.kaf.kz/about/about-company/> (қарау күні: 06.04.2021)
 22. Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2022-2026 жылдарға арналған ұлттық жобасы концепциясы (қарау күні: 12.03.2021)
 23. «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ ресми сайты URL: <https://fagri.kz/upload/iblock/04c/04c8552194a0fea3defdfef9c32f4739.pdf> (қарау күні: 05.04.2021)

Қосымша А

Смета

на работы по почвенному обследованию

Каратобинский сельский округ, Каратобинский район, Зап. Каз области.

III категория. Масштаб 1:25000, площадь обследования 15 тыс.га.

№ № пп	Наименование работ	Номера таблиц §	Расчет стоимости	Стоимость в тенге
1	2	3	4	5
1	Подготовительные работы	Т.10.п.п.13-14. §69 1,1-п.293 1,15-п.290	15 тыс. га. = 28466 тенге. 28466x1,1x1,15x1,06x1,07x1,07x1,035	45230
2	Полевые работы	Т.11.п.п.2 Т.11.п.п.2 Временные указания. Астана 2003г. Т.2-пр.2.кф-0,6 §69 1,1-п.293 1,04-п.299.Т.137-1,04 1,15-п.290	95254x15x0,6x1,1x1,04x1,06x1,07x1,07x1,035 (80070:2)x3 x15x 0,6 x1,04x1,06x1,07x1,07x1,035	1231872 1412052
Итого подготовительные и полевые работы				2689154
3	Составление оригинала почвенной карты и написание почвенного очерка (камеральные работы)	Т.13.п.п.13-14. §69 1,1-п.293 1,15-п.290	15 тыс. га. = 385397 тенге. 385397x1,1x1,15x1,06x1,07x1,07x1,035	612368
4	Вычерчивание и оформление почвенной карты.	Т.16.п.п.13-14 §69 1,1-п.293 1,15-п.290	15 тыс. га=91301 x1,1x1,15x1,06x1,07x1,07x1,035	145071
Итого камеральные работы				757439
Лабораторные работы на 15 тыс. га x2,5 =38 гл. разрезов.				
1	Получение, разборка почвенных образцов	Т.28.п.1	400x5x 38	76000
2	Размол	Т.28.п.2	600x5x 38	114000
3	Взятие навесок	Т.28.п.3	200x5x 38	38000

Проведение анализов				
1	Определение гумуса	Т.29.п.1	3700x3x 38	421800
2	Определение валового фосфора	Т.29.п.3	2600x2x 38	197600
3	Определение валового азота	Т.29.п.4	2900x2x 38	220400
4	Определение РН	Т.29.п.9	1300x5x 38	247000
5	Определение емкости	Т.29 п.	4800x3x38	547200
6	Определение поглощенных катионов	Т.29.п.13	3500x3x 38	399000
7	Определение поглощенного натрия	Т.29.п.16	2000x3x 38	228000
8	Определение подвижного фосфора	Т.29.п.18	3500x3x 38	399000
9	Определение подвижного Калия	Т.29.п.19	2400x3x 38	273600
10	Определение легкогидролизуемого Азота	Т.29.п.20	3200x3x 38	364800
11	ВОДНАЯ ВЫТЯЖКА Водно-солевой состав	Т.29.п.23	6000x5x 38	1140000
12	Плотный остаток	Т.29.п.21	3200x5x 38	608000
13	Механический состав	Т.29.п.43	4400x5x 38	836000
14	Определение карбонатов	Т.29.п.6	1700x5x 38	323000
15	Оформление результатов		700x3x 38	79800
Итого лабораторные работы				6513200
Итого:				9959793
НДС 12%				1195175
Всего:				11154968
Стоимость 1 га.				744

Прейскурант «Цены на товары(работы, услуги),производимые и (или) реализуемые субъектом государственной монополии в области деятельности по ведению государственного земельного кадастра». Астана 2016г. (Общая часть).

Прейскурант цен на проведение лабораторных исследований почвы (безНДС) на 2021г, утвержденный директором ТОО «Орал-Жер» Д.Б. Имангалиевым



Утверждаю
Директор ТОО
«Орал-Жер»
Д.Б.Имангалиев

Прейскурант цен на проведение лабораторных исследований почвы (Без НДС)
на 2021 год

№ п/п	Наименование анализов	Стоимость одного анализа в тенге
1	Прием регистрация	400
2	Размол	600
3	Взятие навесок	200
4	Медь	4200
5	Кадмий	4200
6	Цинк	4200
7	Свинец	4200
8	Марганец	4200
9	Кобальт	4200
10	Никель	4200
11	Железо	4200
12	Хром	4200
13	Подвижный калий (обменный)	2400
14	Обменная кислотность	1200
15	Подвижная сера	2200
16	Определение pH	1300
17	Нефтепродукты	8600
18	Гумус	3700
19	Азот валовый	2900
20	Азот легкогидролизуемый	3200
21	Фосфор валовый	2600
22	Водно-солевой состав	6000
23	Микроагрегатный состав	4400
24	Углекислота карбонатов	1700
25	Натрий обменный	2000
26	Обменные катионы (Ca, Mg, NH ₄ , Mn)	3500
27	Подвижный фосфор	3500
28	Влажность	1600
29	Определение нитратов	1900
30	Плотный остаток	3200
31	Емкость поглощения	4800
32	Гидролитическая кислотность	1700
33	Оформление результатов испытаний (за 1 протокол)	700

Гл.бухгалтер

Я.З.Байбазарова

Начальник ИЦ

К.З.Изтелеуова

Қосымша Б

«Атамекен» кәсіпкерлік палатасымен жинақталған өңір ауыл шаруашылық құрылымдырының Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2022-2026 жылдарға арналған ұлттық жобасы концепциясын жетілдіруге жолдаған ұсыныстары

Раздел Концепции	Ұсыныстар	Негіздем
5. Жемшөп өндірісі	Жемшөп өндірісін мемлекеттік қолдаудың қолданыстағы тетігін қайта қарау	<p>Қолданыстағы асыл тұқымды мал шаруашылығының өнімділігін және субсидиялау қағидаларына сәйкес қаражаты есебінен "ауыл шаруашылығы (аналық мал басына) арналған шығындар" бағытында алғанда, жекелеген бағыттар бойынша Алдын ала есептеулер бойынша жер төлеуге қажетті ақша қаражатының сомасын БҚО сияқты дотациялық өңірлерде бүл Жем-шөпті субсидиялау фермерлерге жеделдетуге мүмкіндік береді, оның өнімділігі жоғары мал сатып алу жеткізілетін келгенде ұсақ фермалардан орта және береді.</p>
5. Жемшөп өндірісі	Суару алаңдарын кеңейту кезінде АШТӨ үшін мемлекеттік қолдау шараларын ұлғайту.	<p>БҚО-да 218,4 мың га суармалы және тұрақты суармалы және 162,6 мың га суармалы. Қазіргі уақытта 55,8 мың га (21,4%) суармалы мақсатындағы жерлер 101 ауыл шаруашылығына бекітілген, 34,4 мың га босалқы жерлер 4,2 мың га суармалы.</p> <p>Су көзінің болмауына, суару жүйесінің сондай-ақ ауыл шаруашылығының қызығушылықтың болмауына байланысты бойынша пайдаланылмайды.</p> <p>Мәселен, тек Жаңақала ауданында су қалыпты деңгейде ұстап тұру үшін жер суы қажет. Соңғы 3 жылда 7 көл толығымен құрғап 30% - дан аз қалды.</p> <p>Батыс Қазақстан үшін суару әрдайым маңызға ие болды. Батыс Қазақстан облысындағы жерлерден шөп дайындау көлемі ірі жерлерді қамтыды. Табиғи өсімдіктердің құрады, ал жоғары өнімді жүйелерді қамтамасыз ету үшін шабындық шөп алуға болады. Қазіргі уақытта суаруға ғана эстуарийлер қолданылады. Автоматтандыруды, су режимін реттеу және ауылшаруашылық жұмыстарын мұқият бақылау ресурстарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету жетілдірілген лимандық жүйелерді құруды қолға алғын өткір болып отыр.</p> <p>Қазіргі уақытта 4 жеке кәсіпкерлік ауданы 6,6 мың га жаңа суармалы жерлерді пайдалану жұмыс жүргізуде ("Central Feedlot" ЖШС).</p>

		Milk" ЖШС, "Тасқала БҚО Ет"ЖШС). Алайда, бұл кәсіпорындар ірі кәсіп суармалы жерлерді ұлғайту үшін мүмкіндік береді, оны шағын фермалар
11. АӨК өнімдерін өткізу қорғау шаралары.	Меншіктің барлық нысанындағы АШТӨ үшін ҚҚС басқару және алып тастау мүмкіндігін қарастыру. Ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алушылар іс жүзінде түпкі тұтынушылар болып табылатындықтан, АШТӨ өз кезегінде ҚҚС түпкілікті төлеушілері болып табылады.	Бұл шара дайын өнімді өткізу бағасын бұл тұтыну деңгейіне және азаматтарды
13. Ауылшаруашылық кооперациясы: шешу жолдары НҚА жетілдіру	Необходимо включить статьи по защите капитала, а также обеспечить быстрый вход и выход членов в кооператив. Исключение оплаты НДС, КПП на субсидии.	Капиталды қорғау туралы мақалаларды мүшелердің кооперативке тез кіруі мен Субсидияларға ҚҚС, КТС төлеуді алып
Кооперативтерді/кооператив мүшелерін қаржыландыруға ҚС-ны ынталандыру	Мемлекеттік кепілдік жүйесін әзірлеу қажет (квазимемлекеттік кәсіпорындар, мысалы, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорации) не менее 85% от суммы займа	Бұл құрал кооперативтерге өз дамуы жақ кірістерін арттыру үшін ұзақ мерзімді к береді
Кооперация арқылы халықтың табысын ауқымды және тиімді арттыру жөніндегі пилоттық жобаны көбейту (әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар арқылы кредит беру)	Кооперативтерді қаржыландыруды кооператив құрылған күнінен бастап және өңірдің ерекшеліктері бойынша жыл сайынғы салық аударымдарын жүзеге асырған кезде ғана жүзеге асыру	Несиелік қаражаттан максималды нәти және жалған кооперативтерді қаржыла
Ауыл шаруашылығы кооперациясы есебінен кемінде 7 ірі экожүйе құру	Өңірдің ерекшеліктерін, кооперативтің өміршеңдігін және одан әрі дамуын ескере отырып, жұмыс істеп тұрған кооперативтер базасында	Жағдай жасау талап етілетінін ескеру к өңірлер мен тұтастай ел шеңберінде эко
	Бірыңғай Аграрлық Салықты Енгізу.	Кооперацияны дамыту
	Жер кодексіне өзгерістер енгізу. Жер учаскелерін алу кезінде кооперативтерге арналған өтініштерді преференциялар беру, конкурстан тыс мақұлдау.	АШӨК-нің көпшілігінде ауыл шаруашы жок, бұл жемшөп дайындауға, мал шар және т. б. мүмкіндік бермейді.
	Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың кооперативтерді	Кооперацияны дамыту

	қаржыландыруға қатысуы, оның ішінде жарғылық капиталды қалыптастыруға қатысуы.	
15. Ауылдық аумақтарды дамыту	Қызметкерлер үшін тұрғын үй салуға ұзақ мерзімге жеңілдікті кредиттер. ЖТҚ құрылысына жер учаскелерін бөлу.	

Аналитикалық жазбахат

Жоба авторы: Шайжанов Мұхтар Мерекеұлы

Ғылыми жетекші: Арыстанбеков Қайырбек Төлендіұлы

Жоба идеясы	Атауы: «Батыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылық саласының инвестициялық тартымдылығын арттыру»
Проблемалық жағдай (кейс)	<p>Батыс Қазақстан облысы Ресейдің бес облысымен шектеседі: Астрахань, Волгоград, Саратов, Самара, Орынбор және Қазақстанның Екі облысы: Ақтөбе және Атырау облыстарымен темір жол, автомобиль, су және әуе желілерімен байланысады.</p> <p>Батыс Қазақстан облысының Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының экономикалық тиімділігі қазіргі кезеңде басқа облыстардың тиісті көрсеткіштерімен салыстырғанда, сондай-ақ ел экономикасының басқа салаларымен салыстырғанда айтарлықтай төмен. Агроөнеркәсіптік өндірістің маңызды проблемаларының бірі оны инвестициялаудың жеткіліксіздігі болып табылады.</p> <p>Ауыл шаруашылығына инвестициялаудың негізгі мәселелері</p> <ul style="list-style-type: none">- Жер ресурстарының жеткіліксіздігі- Несиелеу көздерінің қолжетімсіздігі
Осы проблеманың қолданыстағы шешу жолдары	<p>Қолданыстағы тәсілдердің жіктелуі</p> <p>1.Потенциалды инвесторларды жер ресурстарымен қамтамасыз ету жергілікті (аудандық және қалалық) жер комиссиясының құзыретінде. Олар жергілікті атқарушы орган(әкімдіктер) жанынан құралады және өз қызметін жүргізеді. Жер учаскелері ҚР жер кодексі негізінде конкурс арқылы беріледі.</p> <p>2.Бүгінгі таңда ауыл шаруашылығын қаржыландыру функциясын бұрынғы «ҚазАгро» холдингіне қарасты, қазір «Бәйтерек» холдингіне қарасты ұйымдар жүзеге асырылады. Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 52-тармағын орындау үшін «ҚазАгро» холдингін «Бәйтерек» холдингіне қосу жолымен бірыңғай даму институтын құру бойынша іс-шаралар жүргізілді. Осыған байланысты «Бәйтерек» холдингінің құрамына өзінің барлық функцияларын сақтай отырып, үш еншілес ұйым кірді.</p> <p>Артықшылықтары</p> <p>1.Жергілікті жер комиссиялары алқалы жиын негізінде жүзеге асқандықтан жан жақты қарау мүмкіндігі бар.</p> <p>1.2 Комиссия құрамына қоғамдық ұйым өкілдері енгізілген.</p> <p>Кемшіліктер</p>

	<p>1.1. Комиссия құрамы жергілікті атқарушы органмен бекітілгендіктен әкімдік мүддесіне бейім келеді.</p> <p>1.2. Комиссия шаруашылықтардың жер ресурстарына қажеттілігін толық қамтамасыз ете алмайды.</p> <p>1.3. Комиссия қарауына шектеулі жер учаскеліктері ұсынылғандықтан қолдан дефецит тудырады.</p> <p>1.4. Комиссия мүшелерінің алдын ала келісім арқылы белгілі бір қатысушыға басымдық беруге мүмкіндігі бар.</p> <p>2.1 Жоғарыда аталған несиелеу ұйымдарының қызметі қарапайым шаруаларға түсініксіз.</p> <p>2.2 Қызмет алушы мен несиелеу ұйымдарының өкілі тікелей қатынаста болғандықтан сыбайлас жемқорлық қатері жоғары.</p> <p>2.3 Әр ұйымның дербес қызметі салдарынан негізсіз шығындар орын алуда.</p>
<p>Бұл мәселенің ұсынылған шешімі</p>	<p>Баламалы тәсілдің сипаттамасы, оны жүзеге асыру тәртібі</p> <p>Батыс Қазақстан облысы егіншілікке қауіпті аймаққа жататындықтан егілген жер көлемінің қысқару үрдіс байқалады. Сол себепті егістікке арналған жер учаскелеріне сұраныс төмендеді. Атап айтқанда ауыл шаруашылық айналымына қосылмаған тыңыйған жерлер мөлшері артып отыр. Ақпаратқа сәйкес 989 858 гектар жер тыңайған жер санатына тиесілі. 458 023,2 гектар тыңайған жер ауыл шаруашылық құрылымдарымен жалға алынған. Ал 531 835 гектар тыңыйған жерге фермерлер тарапынан сұраныс мүлдем жоқ.</p> <p>Осы орайда келесі ұсыныс жасақталды – Тыңыйған жерлерді трансформациялау арқылы ауыл шаруашылық айналымына қосу.</p> <p>Аталған процес жер кодексінің 98 бабыда бекітілген тәртіппен жүзеге асады.</p> <p>1гектар тыңыйған жерді трансформациялау үшін шығын 744 теңге. Демек берілген тыңайған жерлерді жайылымдық жерлерге айналдыру үшін 395 685 240 теңге қаражат қажет.</p> <p>Аталған мәселенің шешу жолы ретінде <u>«Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ</u> , <u>«ҚазАгроҚаржы» АҚ</u> , <u>«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ</u> құрылымын оңтайландыру ұсынылады.</p> <p>Мүмкіндіктер</p> <p>1.1. 531 835 гектар жерді ауыл шаруашылық айналымына қосу.;</p> <p>1.2. Қосымша 15,64 млрд теңге инвестиция алу;</p> <p>2.1 «Бір терезе» қағитан жүзеге асыру, сол арқылы фермерлердің қызмет алу сапасын жетілдірі және оңтайландыру</p> <p>2.2 Басшылық құрам, есеп бөлімі, құжаттамалық бөлім қызметкерлерін қысқарту есебінен ұйымдар шығынын оңтайландыру.</p> <p>Тәуекелдер</p> <p>1.1. Трансформациялауға қаражат жергілікті бюджет қаржат есебінен</p>

	<p>жүзеге асады. Бюджет қаражатын қарастырудағы кедергілер.</p> <p>1.2. Трансформациялауға жер учаскелері таңдалған кезде белгілі бір тұлғалардың мүдделеріне басымдық беру;</p>
<p>Күтілетін нәтиже</p>	<p>531 835 гектар жерді ауыл шаруашылық айналымына қосу. Қосымша 15,64 миллиард теңге инвестиция алу мүмкіндігі. Бұл гектарына 29 411 теңге, яғни шамамен салынған шығыннан 40 есе көп инвестиция салынады</p> <p>Несиелеу ұйымдарының қызметін оңтайландыру фермерлерге жоғарыда көрсетілген қызмет түрлерін бір жерден алуға мүмкіндік туғызады. Сондай ақ, Елбасының 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» жолдауының Сегізінші міндетінде көрсетілген «Бір терезе» қағитан жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл шешім төмендегі артықшылықтарды туғызады.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Фермерлердің уақыттық ресурстарын үнемдеу - Ұйымдар арасындағы өзара қарым қатынасты оңайлатады (келісу кезеңдерін азайтады) - Қызмет алушылар туралы ортақ дерек қорын құру мүмкіндігі, сол арқылы өтініштерді қарастыру уақытын жеделдету - Ұқсас функцияларды біріктіру - Бюджеттік қаражаттың игерілуін бақылауды оңайлатады
<p>Қолданылған әдебиеттер тізімі</p>	<p>Тізім</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Қазақстан 2050» стратегиясы. URL: https://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs 2. Елбасының 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» жолдауы. URL: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar 3. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» жолдауы URL: https://www.akorda.kz/kz/legal_acts/decrees/memleket-basshysynyn-2018-zhylgy-5-kazandagy-kazakstandyktardyn-al-aukatynyn-osui-tabys-pen-turmys-sapasyn-arttyru-atty-kazakstan-halkyna-zh 4. Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К.Тоқаевтің 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» жолдауы. URL: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy 5. Мусағалиева Г.М, Байғалиева А.С «Перспективы развития инвестирования агропромышленного комплекса

Западно-Казахстанской области» URL: <https://moluch.ru/conf/econ/archive/172/>

6. Примбетова С.Ч., Кахар А.Ж, Инвестиционный потенциал устойчивого развития западно-казахстанской области URL: https://apni.ru/media/Sb_k-31.01.20.pdf

7. Мальцева В.А. Государственная поддержка сельского хозяйства в зарубежных странах: эволюция теории и практики реализации. Екатеринбург: 2015 URL: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=23734371>

8. Михайлушкин П.В., Баранников А.А. Современные приоритеты аграрной политики развитых стран мира // Научный журнал КубГАУ. 2013. № 90. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sovremennye-prioritety-agrarnoy-politiki-razvityh-stran-mira>

9. Опыт государственного регулирования и поддержки сельского хозяйства за рубежом // Общество и экономика. 2008. № 8 URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/opyt-gosudarstvennoy-podderzhki-selskogo-hozyaystva-za-rubezhom>

10. Данкверт С., Лавровский В. Государственная поддержка агропроизводства в Канаде // АПК: экономика, управление. 2004. № 3. URL: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=9265444>

11. Папцов А.Г. Государственное регулирование экономики за рубежом: аграрный аспект. М.: МиД, 2006. URL: <http://www.cnsnb.ru/artefact3/ia/ie1.asp?page=BO&ned=377817>

12. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375>

13. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы URL: <https://stat.gov.kz/region/253160/dynamic>

14. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы URL: https://stat.gov.kz/region/253160/statistical_information/publication

15. Қазақстан Республикасының Жер Кодексі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K030000442_

16. Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілген нормасын бекіту туралы» ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі №3-3/332 бұйрығы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500011064>

